

* Қауыз Қауыз Қауыз Қауыз Қауыз Қауыз *



ҚАРЫЗ

және
одақ құттық жоғары



* Қауыз Қауыз Қауыз Қауыз Қауыз Қауыз *

УДК 2
ББК 86.38
Қ- 42

Қ- 42 Қарыз және одан құтылу жолдары/ Жинақт. С. Ибадуллаев –
Алматы: «Мұсылман» баспа үйі, 2009. 38 бет.

ISBN 978-601-7051-20-4

Қарыз — адамдар арасында жиі кездесетін қарым-қатынас түрі. Осы кітапта қарыз берудің және оны қайтарудың шариғаттағы қағида-шарттары талқыланады. Сонымен бірге қарыз қыспағынан құтылудың жолдары да көрсетілген.

УДК 2
ББК 86.38

К 0403000000
00(05)-09

ISBN 978-601-7051-20-4

© «Мұсылман» баспа үйі, 2009

Кіріспе

Ислам – адамзаттың дүниелік һәм ақыреттік мүддесін түгелдей қамтыған дін. Мұсылман шариятында Жаратушыға құлшылық етудің жай-жапсарымен бірге адамдар арасындағы қарым-қатынастың сан алуан түрі бүге-шүгесіне дейін талқыланып, үкімдері тайға таңба басқандай етіп көрсетілген. Қазірде жиырма бірінші ғасырға қадам басқан адамзат Ислам дінінің мұраттарының өміршеңдігіне, қағида-шарттарының тозбайтындығына, керісінше, көкейкестілігі күн тәртібінен түспейтіндігіне куә болып отыр. Оған еуропалық дамыған елдердің ислами құндылықтарға негізделген экономикалық байланыстарды, банк жүйесін дамытуға аса қызығушылық танытып, мүдделі болып отырғандығын айтсақ та жеткілікті. Ашы да болса шындық, бұл тұрғыда кегежесі кейін кетіп, өзінің ата дәстүрі — дінінен безіп, басқаның қаңсығын таңсық көріп, қолындағы саф алтынның қымбат құндылығын бағалай алмай, садағамыз кетіп отырған өзіміз, өзіміздің мұсылман бауырларымыз.

Шарият негіздері бойынша адамдар арасындағы сауда-саттық қарым-қатынастарында ең бірінші Құран Кәрім мен Сүннет қағидалары басты назарда ұсталады. Әрбір саудагер өзінің өмір тіршілігінде имани құндылықтарды рухани қазық етуі керек. Сонда ғана өзіне де, өзгеге де қиянат жасалынбайды. Қарыз беруші мұсылман бауырына көмектесудің үлкен сауапты іс екендігін ұғынады. Ал қарыз алушы өз кезегінде қарыздың аманат екендігін басты назарда ұстайды. Қашан қолына қаржы-мал түскенде «мойнымда қарыз болып қалмасын» деп ең әуелі берешектерін беріп құтылуға асығады. Мұның өзі – адамзаттың ардақтысы Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннеті.

Осы еңбегімізде қарыз мәселесінің қыр-сырларын егжей-тегжейлі сөз етуге тырыстық. Аллаһ Тағала баршамызды тура жолына бастап, шынайы мұсылмандардың қатарынан қылғай. Әмин!

وَمَا تَوْفِيقِي إِلَّا بِاللَّهِ، وَعَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَإِلَيْهِ أُنِيبُ

Ісімнің сәтті болуы – бір Аллаһтан,

Оған тәуекел еттім һәм түбінде Оған қайтамын.

Қарыз туралы жалпы түсінік

Қарыз сөзінің мағынасы

Қарыз сөзі араб, шарифат тілінде القرض «әл-қарду» деп аталады. Тілдік тұрғыдан «кесу» деген мағынаны білдіреді. Яғни, мал-мүлік иесінің өз иелігінен бір мөлшерін қарыз сұраушыға кесіп беруі деген мағынадан шыққан.

Сондай-ақ, араб тілінде қарыз мағынасын білдіретін *дәйн*, *сәләф* деген сөздер де бар. Әсіресе *дәйн* сөзі көп қолданылады. Кейбір тіл ғалымдарының түсіндіруінше, *дәйн* мерзімі белгіленген қарыз дегенді білдірсе, ал жоғарыда аталған *қард* сөзі мерзімі белгіленбеген қарызды білдіреді.

Негізінде *қард* сөзі шарифат кітаптарында нақты қарызға берілетін мал-мүлікті білдірсе, ал *дәйн* түрлі сауда жолдарымен қалып қоятын қарыздың мағынасын береді.

Ал жалпы біз қарастырып отырған қарыз сөзінің шарифат іліміндегі мағынасы «малдың бір бөлігін оны пайдаланып, кейін сондай баламасын қайтарып беретін адамға рақымдылық, қайырымдылық ретінде беру» дегенге саяды.

Қарыз берудің үкімі

Қарыз беру шарифат шарты бойынша *жәйіз*, яғни рұқсат етілген іс. Оған аят-хадистен, ғұламалардың сөздерінен дәлелдер жеткілікті. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يقرضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيضاعفه له أضعافاً كثيرة وَاللَّهُ يَقْبِضُ وَيَبْسُطُ وَإِلَيْهِ تُرجعون﴾

«Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе, Ол оны көп еселейді. Аллаһ тарылтады әрі кеңейтеді, әрі түбінде Оған қайтасыңдар» (Бақара, 245). Бұл аяттағы «көркем қарыз» адамдар арасындағы қарыз емес, Жаратушы мен пендесінің арасындағы қарыз, яғни Аллаһ жолында берілген садақаны білдіреді.

Әсілінде, қарыз беру адамдарға мейірім-шапағат жасау амалы болып есептеледі нәм сол ізгі іс арқылы Аллаһ Тағалаға жақындау болып саналады. Бұл өз кезегінде мұсылмандар арасындағы ынтымақтастық пен бауырмалдықтың нығая түсуіне себеп болады. Хақ Тағала былай дейді:

﴿وتعاونوا على البرِّ والتقوى ولا تعاونوا على الإثمِ والعدوان﴾

«Ізгілік пен тақуалықта ынтымақтасындар, күнә мен дұшпандықта ынтымақтаспаңдар» (Мәида, 2).

Мұсылмандар қандай жағдайларда да бір-біріне көмектесіп, ынтымақтаса әрекет етуі тиіс. Мұсылман кісі қиын жағдайда қалған бауырына көмектесуі арқылы Раббының рақымына ие болады. Қарыз берудің артықшылығы жайында Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) көп айтып кеткен.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَا مِنْ مُسْلِمٍ يُقْرِضُ مُسْلِمًا قَرْضًا مَرْتِينِ إِلَّا كَانَ كَصَدَقَتَيْهَا مَرَّةً». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَةَ.

Абдуллаһ ибн Масғұд (р.а.) жеткізген риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.): «Қандай да бір мұсылман бір мұсылманға екі мәрте қарыз берсе, бір мәрте садақа бергендей болады», – деген. Ибн Мәжә риуаят еткен.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «رَأَيْتَ لَيْلَةً أُسْرِيَّ مِيَّ عَلَى بَابِ الْحِثَّةِ مَكْتُوبًا: «الْصَّدَقَةُ بِعَشْرِ أَثْنَالِهَا وَالْقَرْضُ بِمِائَتَيْهِ عَشْرًا»، فَقُلْتُ: يَا جَبْرِيلُ، مَا بَالُ الْقَرْضِ أَفْضَلُ مِنَ الصَّدَقَةِ؟ قَالَ: يَا أَسْأَلُ بِسْأَلِ وَعِنْدَهُ وَالْمُسْتَقْرِضُ لَا يَسْتَقْرِضُ إِلَّا مِنْ حَاجَةٍ». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَةَ.

Анас ибн Мәлик (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Түнгі сапарға шығарылған түні (Исра мен Миғраж мұғжизасында) жәннаттың қақпасындағы «Садақа үшін он есе сауап, ал қарыз үшін он сегіз сауап» деген жазуды көріп, Жәбірәйілден (ғ.с.): «Уа, Жәбірәйіл! Қарыздың садақадан артық болуының сыры неде?» – деп сұрадым. Сонда ол: «Өйткені сұраушы садақа сұрағанда оның бір нәрсесі болады, ал қарыз алушы тек бір қажеті үшін ғана қарыз алады», – деді». Ибн Мәжә риуаят еткен.

Қарыз беру-алудың дұрыс екендігі жайында мұсылман әлемінің ғұламалары да, халықтары да бірауызды пікірде.

Қарыз беру қарыз бере алатын кісі үшін мәндүб, яғни жағымды амал болса, ал қарыз алушы үшін мубах, яғни ерікті іс. Қарыз беруші үшін жағымды, сауапты іс болуына төмендегі риуаяттар дәлел.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «مَنْ نَفَسَ عَنْ مَوْمِنٍ كَرْبَةً مِنْ كَرْبِ الدُّنْيَا نَفَسَ اللَّهُ عَنْهُ كَرْبَةً مِنْ كَرْبِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ وَمَنْ يَسِّرْ عَلَى مُعْسِرٍ يَسِّرْ اللَّهُ عَلَيْهِ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَمَنْ سَتَرَ مُسْلِمًا سَتَرَهُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَاللَّهُ فِي عَوْنِ الْعَبْدِ مَا كَانَ الْعَبْدُ فِي عَوْنِ أَعْيَبِهِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім бір мүміннің дүниелік уайым-қайғыларының бір қайғысын сейілтсе, Аллаһ одан Қиямет күнінің қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді. Кімде-кім тарыққанға (қарызын) жеңілдетсе, Аллаһ оған дүниеде де, Ақыретте де жеңілдік жасайды.

Кімде-кім бір мұсылманның айыбын жасырса, Аллаһ оның айыбын дүниеде де, Ақыретте де жасырады. Пенде бір бауырының қажеті үшін жүрсе, Аллаһ сол пендесінің қажетінде болады». Мүслім риуаят еткен.

Пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабасы Әбу Дарда (р.а.): «Мен үшін екі динарды қарызға беріп, сосын оларды қайтарып алған соң қайтадан қарызға беруім оларды садақаға бергенімнен жақсы», – деген. Сол сияқты ардақты сахабалар Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) пен Абдуллаһ ибн Масғұдтар (р.а.) да екі рет қарыз беру садақа бергеннен артық дескен.

Қарыздың дұрыс болу шарттары

Шариғат бойынша қарыздың дұрыс болуының мынадай шарттары бар:

1. Қарызды беруші мен алушының арасында келісімнің болғанын дәлелдейтін «бердім», «алдым» деген сияқты сөз формалары нәсіесе эдеттегідей қолма-қол беру көрініс болуы шарт.
2. Қарыз берушінің және алушының ақыл-есі түзу, балиғат жасына жеткен болуы шарт және қарыз берушінің қарыз беріп, қайырымдылық көрсетуге шамасы жетуі тиіс. Балиғат жасына жетпеген баланың, ақыл-есі кем кемтардың, қарыз беруге қауқары жоқ адамдардың қарыз беруі дұрыс емес.
3. Әбу Ханифа мазһабы бойынша қарызға берілген зат бір-бірінен айырмашылығы жоқ, пара-пар нәрселер болуы тиіс. Мысалы, өлшенілетін астық сияқты тауарларды қарызға беруге болады. Ал бір-бірінен айырмашылығы көп болатын жануар, қозғалмайтын мүліктерді дәл сондай түрін қайтару мүмкін болмағандықтан қарызға беруге болмайды. Басқа мазһабтарда мұндай заттарды қарызға беруге болады.
4. Қайтаруға қолайлы болуы үшін қарыз белгілі бір мөлшерде, не салмақта, не түрде болуы тиіс. Мысалы, жартысы бидай, жартысы арпа болып араласқан бір қап астықты қарызға беруге болмайды. Өйткені оны қайтару қиынға соғады.

Аталып өткен қарыздың дұрыс болу шарттарымен бірге қарызға қойылуы ықтимал шарттары бар. Бұл шарттарға кепілдікке зат алып қалу, куәгерлердің болуын талап ету, қарызды жазып қою, қазының алдында заңдылықты (қазіргі заң бойынша нотариуспен) бекіту, сондай-ақ, кейбір ғұламалардың пікірінше қайтару мерзімін белгілеуге болады. Мұндай шарттарды белгілеу қарыз берушінің еркіндегі іс,

қаласа талап етеді, қаламаса талап етпейді. Алайда қазіргі адамдардың психологиялық, нәпсілік жағдайларын ескеретін болсақ, қарызды жазу, куәгер қатыстыру, мерзімін белгілеу дұрысырақ деп есептер едік.

Сонымен бірге шарифатқа қарсы келетін кейбір шарттар бар. Мысалы, қарызды үстемелеп қайтаруды, сый-сияпатпен қайтаруды, делдалдық сыйақы талап ету сияқты шарттар қоюға шарифат бойынша қатаң тыйым салынған. Өйткені бұл әрекеттер өсімқорлыққа жатады. Әбу Ханифа мазһабының өкілдері: «Алдын-ала шарт қойылу нәтижесінде пайда келтіретін кез келген қарыз – харам», – деген тұжырым жасаған. Ал алдын-ала шарт қоймай, қарыз алушы өзінің ықтиярымен қарыз берушінің қайырымды ісіне тарту ретінде борышын молынан қайтаратын болса, онда тұрған ештеңе жоқ. Оған төмендегі хадистер дәлел болады.

عَنْ أَبِي رَافِعٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ إِسْتَسْلَفَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ بَكْرًا فَجَاءَهُهُ إِبِلٌ مِنَ الصَّدَقَةِ فَأَمَرَنِي أَنْ أَقْضِيَ الرَّجُلَ بَكْرًا، فَقُلْتُ: لَمْ أَجِدْ فِي الْإِبِلِ إِلَّا جَمَلًا خِيَارًا رِبَاعِيًّا، فَقَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أُعْطِيَ إِيَّاهُ، فَإِنْ خِيَارُ النَّاسِ أَحْسَنُهُمْ قَضَاءً». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Әбу Рафиғ (р.а.) былай дейді: «Аллахтың Елшісі (с.ғ.с.) бір кісіден қарызға бір тайлақ алған болатын. Сосын оған садақаның (зекеттің) түйелері келді де маған әлгі кісінің түйесін қайтаруды бұйырды. Мен (түйелерді көрген соң): «Түйелердің арасынан тек төрт жасар жақсыларынан өзгесін таппадым», – дедім. Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.): «Оған солардың біреуін бер. Ақиқатында адамдардың ең жақсылары қарыздарын көркем түрде қайтарушылар», – деді». Әбу Дәуіт, Мүслім риуаят еткен.

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «كَانَ لِي عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دَيْنٌ فَقَضَانِي وَزَادَنِي». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Жәбир ибн Абдуллаһ (р.а.) былай дейді: «Менің Пайғамбарда (с.ғ.с.) бір қарызым бар еді. Ол кісі қарызымды үстіне тағы қосып, молынан қайтарып берді». Әбу Дәуіт риуаяты.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ أَبِي رَيْعَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: اسْتَقْرَضَ مِنِّي النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَرْبَعِينَ أَلْفًا فَجَاءَهُ مَالٌ فَدَفَعَهُ إِلَيَّ وَقَالَ: «بَارَكَ اللَّهُ لَكَ فِي أَهْلِكَ وَمَالِكَ، إِنَّمَا جَزَاءُ السَّلْفِ الْحَمْدُ وَالْأَدَاءُ». رَوَاهُ النَّسَائِيُّ.

Абдуллаһ ибн Әбу Рабиға (р.а.) былай дейді: «Пайғамбар (с.ғ.с.) менен қырық мың (дирхем) қарызға алған-ды. Бірде оған мал келді де менің қарызымды қайтарды. Сосын маған: «Аллаһ сенің жанұяң мен малыңның берекесін берсін! Расында қарыздың сыйы мадақ пен өтем», – деді». Нәсәи риуаят еткен.

Қарыздың мерзімін белгілеу

Көптеген мұсылман ғұламаларының пікірінше қарыз бергенде оған бір мерзімді белгілеу дұрыс емес. Өйткені қарыз мерзімін белгілеу оның қарыздық мағынасын бұзып, өсімқорлық мағынасына ұқсас қылады. Негізінде қарыз беру таза қайырымдылық іс.

Ал Әбу Ханифа мазһабының ғалымдары қарыздың мерзімін төмендегі төрт жағдайда белгілеуге болады дескен.

1. Әсиет етілген жағдайда. Мысалы, бір кісі қайтыс болар кезінде өзінің мал-мүлкінен бір кісіге бір жылға қарыз берілсін деп әсиет етсе болады. Ондай жағдайда марқұмның мұрагерлерінің борышкер кісіден қарыздарын белгіленген мерзімнен бұрын талап етулеріне хақылары жоқ.

2. Қарыз мойындалмаған жағдайда. Егер қарызгер алған қарызын қайтарғысы келмесе немесе мойындамаса қарыз берген тараптың одан алған қарызын белгілі бір мерзімде қайтаруын талап етуіне хұқылы. Мұндай жағдайда қарызды қайтару мерзімін белгілеу міндетті іске айналады.

3. Қазылық үкім шығарылғанда. Іске үкім етуші қазының шешімі бойынша берілген қарызды қайтару мерзімі белгіленсе болады.

4. Қарыз алушы мойнындағы қарызын басқа бір кісіге аударған жағдайда қарыз иесінің қарызды қайтару мерзімін белгілеуіне болады.

Алайда Имам Мәлик қарыздың мерзімін белгілеуге болатындығы туралы пікір айтқан. Онысына мына аят пен хадисті дәлел ретінде келтірген. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا تَدَايْتُمْ بِذَيْنِ إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى فَاكْتُبُوهُ﴾

«Егер сендер бір-бірлеріңнен белгілі бір мерзімге бір қарыз алсаңдар, оны жазын қойыңдар» (Бақара, 282).

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «الْمُسْلِمُونَ عِنْدَ شُرُوطِهِمْ». رَوَاهُ ابْنُ

حِبَّانَ.

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.): «Мұсылмандар келісім-шарттарында көрінеді», – деген. Ибн Хиббан риуаят еткен.

Сонымен қатар қарыздың мерзімін белгілеуге болатындығы туралы мынадай хадис те бар.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ ذَكَرَ رَجُلًا سَأَلَ بَعْضَ نَبِيِّ إِسْرَائِيلَ أَنْ يُسَلِّفَهُ أَلْفَ دِينَارٍ فَدَفَعَهَا إِلَيْهِ إِلَى أَحَلِّ مُسَمًّى وَقَالَ بَنُ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا وَعَطَاءٌ إِذَا أَحَلَّهُ فِي الْقَرْضِ حَازٍ. رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізуінше Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.) бір адамның Бәни Исраил қауымынан бір адамнан мың динар сұрап, белгіленген мерзімде қайтарғаны туралы айтқан. Соған орай Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) және Атаа қарыз бергенде қайтаратын мерзімін белгілесе болады деген. Бұл туралы Бұхари риуаят еткен.

Біз өмір сүріп отырған заманда қалыптасқан жағдайдың талабы бойынша қарайтын болсақ, аталған қос пікірдің ішінде Имам Мәликтің пікірі дұрысырақ. Соңғы толқын ғалымдардың көпшілігі осы пікірді қолдайды.

Өсімқорлықтың үкімі

Қарызды үстеме пайызбен беру өсімқорлық ісіне жатады. Ал өсімқорлық Тәңірі тарапынан қатаң тыйым салынған харам іс. Енді бұл мәселені кеңірек талқылап көрейік.

Өсімқорлықты араб тілінде «риба» деп атайды, ал бұл сөз «көбею» деген мағынаны білдіреді. Аллаһ Тағаланың:

﴿أَنْ تَكُونَ أُمَّةٌ هِيَ أَرْبَى مِنْ أُمَّةٍ﴾

«Бір топ екінші топтан көбірек болу үшін» (Нахыл, 92) және

﴿وَمَا آتَيْتُم مِّن رِّبَا يَرْبُوا فِي أَمْوَالِ النَّاسِ فَلَا يَرْبُوا عِنْدَ اللَّهِ﴾

«Адамдардың мал-мүліктері көбеюі үшін берген өсімдерін Аллаһтың алдында өспейді» (Рум, 39) аяттарындағы «көбірек болу», «көбеюі», «өсімдерін», «өспейді» деген сөздер «риба» сөзінің түбірінен шыққан сөз.

Ал риба-өсімқорлықтың шариғаттағы мағынасын ғұламалар түрліше анықтаған. Олардың жай-жапсарын егжей-тегжейлі түрде әңгімелейтін болсақ, тақырыбымыздан көп ауытқып кетуіміз ықтимал. Сондықтан да бастыларын баяндаумен шектелеміз.

Әбу Ханифа мазһабының ғалымдары: «Риба – өсімқорлық: сауда келісімінде екі тараптың бірінсі шарт ретінде қойылған әрі шариғат өлшемімен өлшегенде қарымтасы болмаған артық үстеме», – деген анықтама берген (*Әл-Ихтияр*, 2/30).

Шафиғи мазһабының өкілдері: «Өсімқорлық шариғат өлшемі бойынша қарымта құны белгісіз арнайы өлшемге жасалынған келісім-

шарт. Аталмыш шарт келісім жасасқан кезде немесе екі баламаны, не екеуінің бірін кешіктіргенде қойылуының парқы жоқ», – деп анықтаған (*Мугни әл-Мухтаж*, 2/21).

Бұл өсімнің анықтамасы туралы. Ал оның үкімі жайында әл-Мауриди және басқа ғұламалар: «Өсімқорлық ешқашан ешбір дінде де, ешбір шариғатта да халал болмаған», – деп кесімді сөзін айтады.

Ал асыл дінімізде өсімқорлықтың қатан тыйым салынған харам іс екендігі туралы және оның апатқа ұшыратушы үлкен күнә екендігі туралы ашық дәлелдер Құран мен хадисте молынан кездеседі. Һәм күллі мұсылман ғалымдарының бұл мәселе туралы пәтуалы пікірі де біркелкі. Өсімқорлықты адал іс деп есептеген жан күлірлікке кірген болып есептеледі. Ал оны адал емес екендігін түйсіне отырып айналысқан жан үлкен ен күнәлардың бірін жасаған болады. Әрі сол қылмысы арқылы әділдік, куәгерлік сипаттарынан айрылады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَأْكُلُوا الرِّبَا أَضْعَافًا مُضَاعَفَةً وَاتَّقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ﴾

«Иә, иман келтіргендер, үсті-үстіне өсім жемендер! Аллаһтан қорқындар, бәлкім құтыларсындар» (Әли Ғимран, 130);

﴿وَمَا آتَيْتُمْ مِنْ رِبَا لِيَرْتُوبَ فِي أَمْوَالِ النَّاسِ فَلَا يَرْتُوبَ عِنْدَ اللَّهِ وَمَا آتَيْتُمْ مِنْ زَكَاةٍ يُرِيدُونَ وَجْهَ اللَّهِ فَأُولَٰئِكَ

هُمْ الْمُضْغَفُونَ﴾

«Адамдардың мал-мүліктері көбеюі үшін берген өсімдерін Аллаһтың алдында өспейді, ал Аллаһтың разылығын қалап берген зекеттерің, міне, соларың еселенеді» (Рум, 39);

﴿الَّذِينَ يَأْكُلُونَ الرِّبَا لَا يَقْرَأُونَ إِلَّا كَمَا يَقْرَأُ الَّذِي يَتَخَبَّطُهُ الشَّيْطَانُ مِنَ الْمَسِّ ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ قَالُوا إِنَّمَا

الْبَيْعُ مِثْلُ الرِّبَا وَأَحَلَّ اللَّهُ الْبَيْعَ وَحَرَّمَ الرِّبَا فَمَنْ جَاءَهُ مَوْعِظَةٌ مِنْ رَبِّهِ فَانْتَهَىٰ فَلَهُ مَا سَلَفَ وَأَمْرُهُ إِلَى اللَّهِ وَمَنْ عَادَ

فَأُولَٰئِكَ أَصْحَابُ النَّارِ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ * يَمْحَقُ اللَّهُ الرِّبَا وَيُرْبِي الصَّدَقَاتِ وَاللَّهُ لَا يُحِبُّ كُلَّ كَفَّارٍ أَثِيمٍ﴾

«Өсім жейтіндер шайтан басып калған адамдай тұрады (қайта тіріледі). Бұл — олардың «Расында сауда өсімқорлыққа ұқсас» деп айтқандары үшін. Бірақ Аллаһ саудаға рұқсат етіп, өсімқорлыққа тыйым салды. Кімге Раббысы тарапынан үгіт-насихат жетіп, ол (өсімқорлықтан) тыйылса, оның бұрынғы істері кешіріліп, ісі Аллаһқа өтеді. Ал кімде-кім оған (өсімқорлыққа) қайта оралса, олар – тозақтып тұрғындарына айналып, онда мәңгілікке қалады. Аллаһ өсімқорлықты жойып, садақаны өсіреді. Аллаһ күллі күнәар кәпірді жақсы көрмейді» (Бақара, 275-276);

«يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَذَرُوا مَا بَقِيَ مِنَ الرِّبَا إِن كُنتُمْ مُؤْمِنِينَ * فَإِن لَّمْ تَفْعَلُوا فَأْذَنُوا بِحَرْبٍ مِّنَ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَإِن تُبَسِّمُوا فَلَكُمْ وَجُوهُكُمْ وَأَنْوَالِكُمْ لَا تَظْلِمُونَ وَلَا تُظَلَمُونَ»

«Уа, иман келтіргендер, Аллаһтан қорқындар. Егер шын иман келтірген болсаңдар, өсімнің қалған бөлігін тастандар. Егер олай істемейтін болсаңдар, Аллаһ пен Оның Елшісінен соғыс болатынын біліңдер. Ал егер тәубе қылсаңдар, малдарын басы бүтін өздеріңдікі – зұлымдық қылмасаңдар, сендерге зұлымдық жасалмайды» (Бақара, 278, 279).

Аталған аяттардың негізінде Имам ас-Сарахси мынадай тұжырым жасаған: «Аллаһ Тағала өсім жеушінің жазасы бес түрлі болатындығын айтады. Олар мынадай:

Біріншісі: есеңгіреп қалу, өйткені Аллаһ Тағала ардақты аятында: «Өсім жейтіндер шайтан басып қалған адамдай тұрады (қайта тіріледі)», – деген.

Екіншісі: жойылу. Аллаһ Тағала: «Аллаһ өсімқорлықты жойып, садақаны өсіреді», – деген. Мұндағы «окою» түбірімен жоқ ету деген мағынада. Кейбір ғалымдардың пікірінше бұл сөздің мағынасы өсімнен келген пайданы өсімқордың өзі де, кейінгі ұрпағы да қызықтай алмауы үшін берекесі мен қызығының жойылуы дегенді білдіреді.

Үшіншісі: Соғысқа тап болу. Аллаһ Тағала: «Аллаһ пен Оның Елшісінен соғыс болатынын біліңдер», – деген.

Төртіншісі: күпірлікке кіру. Аллаһ Тағала: «Егер шын иман келтірген болсаңдар өсімнің қалған бөлігін тастандар», – деген. Ал басқа аятта өсімқорлықты баяндағаннан соң: «Аллаһ күллі күнәар кәпірді жақсы көрмейді», – дейді. Яғни, өсімқорлықты халал деп санау күпірлікке апарып, ал оны жеу азғын күнәарлыққа соқтырады.

Бесіншісі: тозаққа мәңгі қалу. Аллаһ Тағала: «Ал кімде-кім оған (өсімқорлыққа) қайта оралса, олар – тозақтың тұрғындарына айналып, онда мәңгілікке қалады», – деген».

Аталған зардаптарымен бірге өсімқорлық қабір азабына да душар етеді.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «اجْتَنِبُوا السَّبْعَ الْمُوبِقَاتِ»، قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، وَمَا هُنَّ؟، قَالَ: «الشِّرْكُ بِاللَّهِ وَالسَّخَرُ وَقَتْلُ النَّفْسِ الَّتِي حَرَّمَ اللَّهُ إِلَّا بِالْحَقِّ وَأَكْلُ الرِّبَا وَأَكْلُ مَالِ الْيَتِيمِ وَالتَّوَلَّى يَوْمَ الرَّحْفِ وَقَدْ دُفِئَ الْمُحْصَنَاتِ الْمُؤْمِنَاتِ الْفَافِئَاتِ».

Сахих кітаптарындағы Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен бір хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жеті күйзелтушіден сақтаныңдар», – деген.

Сонда: «Олар не?» – деп сұрағанда, ол: «Аллаһқа серік қосу, сиқыр, Аллаһтың тек ақиқаттан өзге жағдайда өлтіруіне тыйым салған жанды нақақтан өлтіру, өсім жеу, жетімнің малын жеу, қан майданда артқа қашу, ештеңеден қаперсіз, бейкүнә мүмін әйелдерге жала жабу», – деген. Бұхари, Мүслім риуаят еткен.

عَنْ جَابِرِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، قَالَ لَعَنَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَكْبَلَ الرَّبَا وَمُوكَلَّهُ وَكَاتِبَهُ وَشَاهِدَيْهِ وَقَالَ: «مَنْ سَوَّأَهُ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Жәбир (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһтың Елшісі (с.ғ.с.) өсімді жеушіге де, өкіліне де, жазып алушыға да және куәгерлеріне де лағынет (қарғыс) айтып: «Олардың бәрі бір топ», – деген. Мүслім риуаят еткен.

عَنْ سَمُرَةَ بْنِ جُنْدَبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، قَالَ قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «رَأَيْتَ اللَّيْلَةَ رَجُلَيْنِ أَتْيَانِي، فَأَخْرَجَانِي إِلَى أَرْضٍ مُقَدَّسَةٍ، فَأَتَلَقْنَا، حَتَّى أَتَيْتَا عَلَى نَهْرٍ مِنْ دَمٍ، فِيهِ رَجُلٌ قَائِمٌ عَلَى وَسَطِ النَّهْرِ، رَجُلٌ بَيْنَ يَدَيْهِ حِجَارَةٌ، فَأَقْبَلَ الرَّجُلُ الَّذِي فِي النَّهْرِ، فَإِذَا أَرَادَ الرَّجُلُ أَنْ يَخْرُجَ، رَمَى الرَّجُلُ بِحَجَرٍ فِي فِيهِ، فَرَدَّهُ حَيْثُ كَانَ، فَحَعَلَ كَلِمًا جَاءَ يَخْرُجُ رَمَى فِي فِيهِ بِحَجَرٍ فَرَجَعُ كَمَا كَانَ، فَقُلْتُ: مَا هَذَا؟ فَقَالَ: الَّذِي رَأَيْتَهُ فِي النَّهْرِ أَكْبَلَ الرَّبَا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Сәмура ибн Жундубтен (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «Бүгін түнде маған екі кісі (періште) келіп, мені қасиетті жерге (Бәйтул-Мақдиске) шығарды. Сосын жүріп кеттік. Бір қан өзенінің жағасына келдік. Өзеннің ортасында бір адам жүзіп жүр екен. Жағасында алдында тастары бар бір адам тұр екен. Өзендегі адам жағадағының қасына жүзіп келіп, шыққысы келгенде ол оның аузына таспен ұрады. Сөйтіп оны бұрынғы орнына қайтарады. Солайша қашан әлгі судағы адам шыққысы келгенде, тасы бар адам оның аузына тас лақтырып, ол кейін қайтады. Мен: «Бұл немене?» – дедім. Қасымдағы (періште): «Өзенде корген адамың — өсімқор», – деді». Бұхари риуаят еткен.

Сондай-ақ, мұсылман ғалымдары өсімқорлықты негізінен екі түрге бөлген. Мұнда өсімге, яғни пайызды үстемеге негізделінген мал-мүліктермен сауда жасалынады. Олар мыналар:

1. **Артық өсім**, яғни өсімді мал-мүлікті, ақпаны дәл өзіндей баламамен бірінен екіншісін көбірек етіп айырбастап сауда қылу түрі.
2. **Уақыты кейінге шегерілген өсім**, яғни өсімді мал-мүліктермен арнайы мерзім белгілеп саудаласу. Аталған мерзімнің аз-көптігінде айырма жоқ.

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «لَا تَبِيعُوا الذَّهَبَ بِالذَّهَبِ إِلَّا مِثْلًا بِمِثْلٍ وَلَا تَشْتَفُوا بَعْضَهَا عَلَى بَعْضٍ وَلَا تَبِيعُوا الْوَرَقَ بِالْوَرَقِ إِلَّا مِثْلًا بِمِثْلٍ وَلَا تَشْتَفُوا بَعْضَهَا عَلَى بَعْضٍ وَلَا تَبِيعُوا مِنْهَا غَائِبًا بِنَاجِرٍ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Сағид әл-Худриден (р.а.) жеткен риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Алтынмен алтынды бір-біріне сай етіп қана алмастырып саудаласыңдар, біреуін бірінен артық-кем қылмаңдар. Күміспен де бірін біріне сай етіп қана алмастырып саудаласыңдар, бірін бірінен артық-кем қылмаңдар. Мүлік иесі қатыспаған жерде олардың атынан нақты саудаласпаңдар» деген. (Бұхари, Мүслим риуаят еткен).

Сонымен бірге өсімқорлықтың тақырыбымызға тікелей қатысты төртінші түрі бар. Бұл оның ең сорақысы әрі төменгісі. Ол – қарыз өсімі. Бұл өсім берілген сомаға арнайы уақытқа балама ретінде келісілген үстеме.

Бұрынғы өткен мұсылман ғұламалары, Аллаһтың оларға рақыметі болсын, білместіктен өсімқорлыққа тап болудан қорқып, сату мен сатып алудың, сауданың шарифаттағы үкімдерін толық меңгермейінше сауда жасамайтын болған. Өйткені ондай білместік ауыр күнә мен тозақ отына түсіп қалудан арашашы бола алмайды. Өкінішті бір жайт, қазіргі мұсылмандардың көпшілігі тіршіліктері мен қарым-қатынастарының осы бір маңызды тұсын назарларынан тыс қалдырды. Тіпті, олардың көбі еш ойланбастан халалдығы күмәнді, харам араласқан сауда келісімдерін жасай береді. Бұл дінге деген салғырттықтың көрінісі. Үмметіне осындай жағдайдың келетіндігін Пайғамбар (с.ғ.с.) көрегендікпен айтып кеткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «بَاتِيَ عَلَى النَّاسِ زَمَانٌ لَا يُبَالِي الْمَرْءُ مَا أَخَذَ مِنْهُ أَمْ مِنَ الْحَلَالِ أَمْ مِنَ الْحَرَامِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.) былай деген: «Адамдарға бір заман келеді, сонда кісі малын халалдан әлде харамнан алғанына еш мән бермейтін болады». Бұхари риуаят еткен. Қазірде осы хадистің шындыққа айналғанының куәсі болып отырмыз.

Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Біздің базарымызда тек шарифатты білетін адам ғана келіп сауда жасасын. Әйтпесе, ол өсім жеп қояды», – деп ескерткен.

Али (р.а.): «Шарифатты білмей сауда жасаған жан өсімқорлыққа тап болады, сосын тағы сөйтеді, сосын тағы да сөйтеді», – деген.

Ислам ділінің осылайша өсімқорлықтың алуан түріне қатаң тыйым салуы мұсылмандардың кәсіп етіп, пайда табуларына қарсы

жасалынған қастық немесе қыспақ емес. Керісінше, өсімқорлыққа тыйым салу азғындық пен бұзықтықтың жолдарына, мұсылмандардың тіршіліктеріне, өзара қарым-қатынастарына келетін түрлі зияндарға қарсы тұрғызылған тосқауыл.

Шындығында өсімқорлық қолында байлығы, ақшасы бар бақуатты байлардың кедейлер мен мұқтаждарға жасайтын қыспағы, адамдар арасындағы ізгі қатынастардың үзілуі. Капиталистік жүйе орнаған заманда өсім мен өсімқорлардың негізінде езуші тап құрылады. Сонда табысы шектеулі адамдар мен ұсақ саудагерлер өсімқорлардың мыстандық мүдделерінің кесірлерінен ғана езгіге ұшырап, таршылыққа тап болады. Коммунистік идея да нақ осындай теңсіздіктерге қарсы, әлгіндей шектен шығып, тек жеке мүдде мен пайданы көздеген және бұқара халықтың табыс жолдарын тас бекітуге бекінген өсімқорлардың бассыздықтарына қарсы пайда болды.

Ал күллі мәселелердің нақтылы, әділ шешімі Ислам дінінде. Мұнда халалдан пайда тауып, тұтынушыға жеңілдік қалайтын дұрыс сауда жасауға құлшындырады. Сондай-ақ, адамдарды түрлі ізгі іс пен мейірімі арқылы қуантатын қайыр істеушінің көркем түрде қарыз беруін қолдап, қуаттайды.

Даңқты әрі ұлық Аллаһ Тағала:

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يُقرضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا لِيُضَاعِفَهُ لَهُ أَضْعَافًا كَثِيرَةً وَاللَّهُ يَقْبِضُ وَيَبْسُطُ وَإِلَيْهِ تُرْجَعُونَ﴾

«Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе, Ол оны көп еселейді. Аллаһ тарылтады әрі кенейтеді әрі түбінде Оған қайтасындар» (Бақара 245), – деген.

Бірде адамдар Аллаһ Елшісінен (с.ғ.с.) кәсіптің ең жақсысы туралы сұрайды. Сонда ол: «Ол – кісінің өз қолымен жұмыс жасауы және барлық адал сауда», – деп жауап берген екен. Имам Ахмад риуаят еткен.

Қарыз туралы аяттар

Құран Кәрім адамдар арасында болатын барлық мәселелерді қамтыған. Солардың арасында қарызды да назардан тыс қалдырмаған. Құран Кәрімдегі жалғыз өзі бір бетті алып жатқан ең ұзақ аят һәм одан кейінгі бір аят бүтіндей қарыз мәселесіне арналған. Осының өзі қарыздың шариғаттағы маңыздылығын білдірсе керек. Жаратушы Хақ Тағала былай дейді:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا تَدَايَعْتُمْ بَيْنَ يَدَيَّ إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى فَاكْتُبُوهُ وَلْيَكْتُب بَيْنَكُمْ كَاتِبٌ بِالْعَدْلِ وَلَا يَأْبَ كَاتِبٌ أَنْ يَكْتُبَ كَمَا عَلَّمَهُ اللَّهُ فَلْيَكْتُبْ وَلْيَمْلِكِ الَّذِي عَلَيْهِ الْحَقُّ وَلْيَتَّقِ اللَّهَ رَبَّهُ وَلَا يَبْخَسْ مِنْهُ شَيْئًا فَإِن كَانَ الَّذِي عَلَيْهِ الْحَقُّ سَتِيمًا أَوْ ضَعِيفًا أَوْ لَا يَسْتطِيعُ أَنْ يُمِلَّ هُوَ فَلْيَمْلِكْ لِوَلِيِّهِ بِالْعَدْلِ وَاسْتَشْهِدُوا شَهِيدَيْنِ مِنْ رِجَالِكُمْ فَإِن لَّمْ يَكُونَا رَجُلَيْنِ فَرَجُلٌ وَامْرَأَتَانِ مِمَّن تَرْضَوْنَ مِنَ الشَّاهِدَاءِ أَن تَضِلَّ إِحْدَاهُمَا فَتُذَكَّرَ إِحْدَاهُمَا الْأُخْرَىٰ وَلَا يَأْبَ الشَّاهِدَاءُ إِذَا مَا دُعُوا وَلَا تَسْأَلُوا أَن تَكْتُبُوهُ صَغِيرًا أَوْ كَبِيرًا إِلَىٰ أَجَلِهِ ذَلِكُمْ أَقْسَطُ عِنْدَ اللَّهِ وَأَقْوَمُ لِلشَّهَادَةِ وَأَدْنَىٰ أَلَّا تَرْتَابُوا إِلَّا أَن تَكُونَ بِيْعَارَةً حَاسِرَةً تُدِيرُونَهَا بَيْنَكُمْ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَلَّا تَكْتُبُوهَا وَأَشْهِدُوا إِذَا تَبَايَعْتُمْ وَلَا يُضَارَّ كَاتِبٌ وَلَا شَهِيدٌ وَإِن تَفَعَّلُوا فإِنَّهُ فُسُوقٌ بِكُمْ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَيَعْلَمَكُمُ اللَّهُ وَاللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ * وَإِن كُنْتُمْ عَلَىٰ سَفَرٍ وَلَمْ تَجِدُوا كَاتِبًا فَرِهَانٌ مَّقْبُوحَةٌ فَإِن أَمِنَ بَعْضُكُم بَعْضًا فَلْيُؤَدِّ الَّذِي اؤْتِمِنَ أَمَانَتَهُ وَلْيَتَّقِ اللَّهَ رَبَّهُ وَلَا تَكْتُمُوا الشَّهَادَةَ وَمَن يَكْتُمْهَا فإِنَّهُ آتِمٌ قَلْبُهُ وَاللَّهُ بِمَا تَعْمَلُونَ عَلِيمٌ﴾

«Иә, нман келтіргендер! Егер сендер бір-бірлеріңнен белгілі бір мерзімге бір қарыз алсаңдар, оны жазып қойыңдар нәм оны сендердің араларыңда бір хатшы әділдікпен жазсын. Хатшы Аллаһ үйреткендей етіп жазудан еш бас тартпасын. Ол жазсын, қарыз алушы айтып тұрсын нәм Аллаһтан – Раббысынан қорықсын, одан (қарыздан) ештеңе кемітпесін. Ал егер қарыз алушы алаңғасар не әлсіз немесе өз бетімен айтып тұра алмайтын болса, оның өкілі әділдікпен айтып тұрсын. Куәлікке ерлеріңнен екі адамды келтіріңдер. Ал екі ер болмаса, өздерің разы болатын куәгерлерден бір ер және екі әйелді келтіріңдер, егер (кейін куәлік керек болғанда) олардың (әйелдердің) біреуі қателесе, екіншісі есіне салып тұратын болады. Куәгерлер егер шақырылса, еш бас тартпаулары тиіс. Келісімді мерзіміне дейін жазуға, ол аз болсын, көп болсын, еш ерінбеңдер. Солай еткендерің Аллаһтың алдында әділдірек, куәлікке де күшті нәм күмәннен де еш аулақ жол. Алайда өз араларыңдағы жүргізетін қолма-қол сауданы еш жазбасаңдар, онда тұрған ештеңе жоқ. Ал егер сауда келісімін жасасаңдар, куәлік келтіріңдер нәм хатшыға да, куәгерлерге де ешбір зарар тнмесін. Егер оларға зияндық қылсаңдар, ол сендер үшін күнәлі пасық іс. Аллаһтан қорқыңдар, сонда Аллаһ сендерге үйретеді. Расында Аллаһ әрбір нәрсені Білуші. Ал егер сапарда болып, ешбір хатшы таппасаңдар, онда қолма-қол алатын кепілдік белгілендер. Ал егер бір-бірлеріңе сенсендер, сеніп берілгеп жан аманатын өтесіп нәм Раббысы – Аллаһтан қорықсын. Сондай-ақ, куәлікті ешқашан да жасырмаңдар. Ал кімде-кім оны жасырып қалса, ол – жүрегі күнәға батқан жан. Расында Аллаһ сендердің не істегендеріңді Білуші» (Бақара, 282, 283).

Бұл аяттан мынадай қорытынды шығады:

1. Қарызға ақшаны, тауарды не басқа да заттарды бергенде ол туралы арнайы кітапқа жазып қою керек.
2. Оны жазуды екі тараптың ақысына бірдей әділ, аманатқа қиянат жасамайтын адамға тапсыру керек. Ол қарыз туралы келісімді Алла Тағала үйреткендей әділетті түрде анықтап жазуы тиіс.
3. Егер қарыз алушы әлсіз немесе сауатсыз болса, келісімді оның атынан оның өкілі жазуы тиіс.
4. Қарыз келісіміне екі тарап разы болатын екі ер кісіні куәгер ету керек. Ал егер бір-ақ ер кісі болса, онда бір ер және екі әйелді куәгер ету керек. Бұл адамдар өз кезегінде екі тараптың ортасында дау шыққан жағдайда іске куә болғандықтарын көрсетіп, әділдігін айтады.
5. Егер қарыз сапар үстінде беріліп, хатшы табылмаса, қарыз берушінің қарыз алушыдан кепілдікке бір зат алуға хакысы бар. Ол кепілдік сол заматта қолма-қол алынуы тиіс.
6. Егер тараптар бір-біріне нақты сенетін адамдар болып, аталған шарттарды қажетсінбесе, орындамаса да болады. Мұндай жағдайда қарыз алушы қарыз берушінің сенімін ақтап, аманатқа қиянат жасамауы керек.

Аллах Тағала кепілдікке жеткілікті

Иманды, тақуа жандар Аллаһтың аты аталған жерде ештеңе сұрамай, бір-біріне сене білген. Сондай жандардың қиссасы төмендегі хадисте баян етіледі.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ ذَكَرَ رَجُلًا مِنْ بَنِي إِسْرَائِيلَ سَأَلَ بَعْضَ بَنِي إِسْرَائِيلَ أَنْ يُسَلِّفَهُ أَلْفَ دِينَارٍ فَقَالَ: إِنِّي بِالشَّهَدَاءِ أَشْهَدُهُمْ، فَقَالَ: كَفَى بِاللَّهِ شَهِيدًا، قَالَ: فَأَتَيْتِي بِالْكَيْبِيلِ، قَالَ: كَفَى بِاللَّهِ كَيْفِيًّا، قَالَ: صَدَقْتَ، فَدَفَعَهَا إِلَيْهِ إِلَى أَجْلِ مُسَمًّى، فَخَرَجَ فِي الْبَحْرِ فَقَضَى حَاجَتَهُ ثُمَّ اتَّسَسَ مَرَكَبًا بِرُكْبِهَا يُعْقِدُ عَلَيْهِ لِلْأَجْلِ الَّذِي أَجَلُهُ فَلَمْ يَجِدْ مَرَكَبًا فَأَخَذَ خَشِيئَةً فَفَرَقْنَا فَأَذْجَلُ فِيهَا أَلْفَ دِينَارٍ وَصَحِيفَةً مِنْهُ إِلَى صَاحِبِهِ ثُمَّ رَجَعَ مَوْضِعَهَا ثُمَّ أَتَى بِهَا إِلَى الْبَحْرِ فَقَالَ: اللَّهُمَّ إِنَّكَ تَعْلَمُ أَنِّي كُنْتُ تَسَلَّفْتُ فَلَنَا أَلْفَ دِينَارٍ فَسَأَلْتَنِي كَيْفِيًّا، فَقُلْتُ: كَفَى بِاللَّهِ كَيْفِيًّا فَرَضِي بِكَ وَسَأَلْتَنِي شَهِيدًا، فَقُلْتُ: كَفَى بِاللَّهِ شَهِيدًا، فَرَضِي بِكَ وَأَنِّي جَهِدْتُ أَنْ أَجِدَ مَرَكَبًا أَتَيْتُ إِلَيْهِ الَّذِي لَهُ فَلَمْ أَقْدِرْ وَإِنِّي أَسْتَوْدِعُكَهَا، فَرَمَيْتُ بِهَا فِي الْبَحْرِ حَتَّى وَاسْتَحْتِ فِيهِ ثُمَّ انْتَرَفْتُ وَهُوَ فِي ذَلِكَ يَتَّقِسُ مَرَكَبًا يَخْرُجُ إِلَى بَلَدِهِ، فَخَرَجَ الرَّجُلُ الَّذِي أَسَلَّفَهُ يَنْظُرُ لَعَلَّ مَرَكَبًا قَدْ جَاءَ بِمَالِهِ، فَإِذَا بِالْخَشِيئَةِ الَّتِي فِيهَا أَلْفُ دِينَارٍ فَأَخَذَهَا لِأَهْلِيهِ حَطْبًا، فَلَمَّا تَشَرَّهَا وَجَدَ الْمَالَ وَالصَّحِيفَةَ ثُمَّ قَدِمَ الَّذِي كَانَ أَسَلَّفَهُ فَأَتَى بِالْأَلْفِ دِينَارٍ فَقَالَ: وَاللَّهِ، مَا زِلْتُ سَاجِدًا فِي طَلَبِ مَرَكَبٍ لِأَتِيكَ بِمَالِكَ فَمَا وَجَدْتُ مَرَكَبًا قَبْلَ الَّذِي أَتَيْتُ فِيهِ، قَالَ: هَلْ كُنْتُ بَعَثْتُ

إِلَيَّ بِشَيْءٍ؟ قَالَ: أَخْبِرُكَ أَنِّي لَمْ أَجِدْ مَرَسِمًا قَبْلَ الَّذِي جِئْتُ فِيهِ، قَالَ: فَإِنَّ اللَّهَ فَدَأَى عَنكَ اللَّيْبَ بَعَثَتْ فِي الْحَشْبَةِ، فَانصَرَفَ بِالْأَلْفِ دِينَارٍ رَافِدًا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Ертеде Бәни Исраилдың бір кісісі екінші бір исраилдықтан мың динар бере тұруын сұрайды. Екіншісі: «Қуәгер болатын кісі әкел», – дейді. Сонда ол: «Аллаһ қуәлікке жетеді», – дейді. Екіншісі: «Кепілдікке кісі әкел», – дейді. Қарыз алушы: «Аллаһ кепілдікке де жетеді», – дейді. Екіншісі: «Жарайды, дұрыс», – дейді. Қарызды белгілі бір уақытқа дейін деп береді. Қарыз алушы кемемен сапарға шығып, ісін бітіреді. Қарызды қайтаратын уақыт таяп қалған соң еліне қайтатын кеме іздеп көреді. Бірақ ешқандай кеме таппайды. Ол бір ағаш тауып алады да оны ояды. Ішіне мың динар мен қарыз берушіге жазылған хат салып, теңізге барады. Онда: Иә, Аллаһ! Өзің білесің, мен пәлен деген кісіден мың динар алғанмын. Ол кепілдік сұрағанда «Кепілдікке Аллаһ жетеді» – дедім, ол Сенің кепілдігіңе разы болды. Қуәлікке кісі сұрағанда «Аллаһ қуәлікке жетеді» дедім, ол Сенің қуәлігіңе разы болды. Мен әрі-бері оның аманатын жіберетін кеме іздеп көріп едім, таба алмадым. Мен енді осы қарызды Өзіңе тапсырдым», – дейді. Сөйтіп, саудагер ағашты теңізге тастайды. Ағаш толқындардың арасынан көрінбей кетеді. Сосын ол бұл жерден шығып, тағы еліне қайтатын кеме іздейді.

Мына жақта қарыз берген адам ақшасын әкелетін кемеңіз күтеді. Сөйтіп, теңіз жағасында қалқыған ағашты көреді. Оны отын қылу үшін үйіне алып келеді. Оны жарғанда ішінен ақша мен хат шығады. Біраз уақыттан соң ақша алған кісі де келеді. Ол мың динар әкеліп: «Уаллаһи, сенің ақшаңды әкелу үшін кеме іздеп таба алмадым», – дейді. Сонда әлгі кісі: «Сен маған ештеңе беріп жібермеген едің?» – деп сұрайды. Қарыз алушы: «Мен саған келетін кеме таба алмадым деймін», – дейді. Сонда қарыз беруші: «Аллаһ сенің ағашпен жібергеніңді жеткізді», – дейді. Мың динары қалтасында қалған қарыз алушы үйіне қуанып қайтады». Бұхари риуаят еткен.

Расында Аллаһ Тағала кепілдікке жеткілікті ғам сонымен қатар, қайтаруын ниет етіп қарыз алған жанға жәрдемдеседі. Оған төмендегі хадис дәлел бола алады.

عَنْ عُمَيْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَتَبَةَ أَنَّ مِثْمُونَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا زَوْجَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ اسْتَأْنَتَ فَقِيلَ لَهَا: يَا أُمَّ الْمُؤْمِنِينَ، تَسْتَلِدِينَ وَتَيْسَ عَنكَ وَقَاءَ، قَالَتْ: إِنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: مَنْ أَخَذَ دَيْنًا وَهُوَ يُرِيدُ أَنْ يُؤَدِّيَهُ أَعَانَهُ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ». رَوَاهُ النَّسَائِيُّ.

Убайдулла ибн Абдуллаһ ибн Утбаның жеткізуінше бірде Пайғамбардың (с.ғ.с.) жұбайы Мәймуна (р.а.) қарыз алады. Сонда оған біреулер: «Уа, мүміндердің анасы! Өтейтін еш нәрсеңіз болмаса да қарыз ала бересіз бе?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Расында мен Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.): *«Кімде-кім қарызды өтеуін қалап алса, даңқты һәм ұлық Аллаһ оған көмектеседі»*, – дегенін естігенмін», – дейді. Нәсәи риуаят еткен.

Қарыз — аманат

Асылында қарыз – аманат. Оны алған адам қашан қолына қаражат, мал түскенде одан құтылуға асығуы тиіс. Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿قَلْبُكَ الَّذِي أَوْثَقَ بِأَمَانَتِهِ وَأَلَيْكَ اللَّهُ رَيْبَهُ﴾

«..(Қарыз) сеніп берілген жан аманатын өтесін һәм Раббысы – Аллаһтан қорықсын» (Бақара, 282).

Аманатқа қиянат жасау иманмен қатар тұруы мүмкін емес күнә. Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл туралы қатан ескерткен.

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: خَطَبَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ فِي الْخُطْبَةِ: «لَا إِيمَانَ لِمَنْ لَا أَمَانَةَ لَهُ وَلَا دِينَ لِمَنْ لَا عَهْدَ لَهُ». رَوَاهُ ابْنُ جِبَانَ.

Анас ибн Мәлик (р.а.) былай дейді: «Бірде Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) бізге хұтпа айтып тұрып: *«Аманатты сақтай алмағанның иманы жоқ, уәдесінде тұрмағанның діні жоқ»*, – деді». Ибн Хиббан риуаят еткен.

Қарызды тезірек қайтаруға тырысу нағыз мұсылмандықтың белгісі. Бұл туралы Хатим әл-Асам дейді: «Асыққан шайтанның ісі. Тек бес жағдайда: келген қонаққа ас беруге, мәйітті аттандыруға, балиғатқа толған қыз баланы ұзатуға, қарызды қайтаруға, істелінген күнәға тәубе жасауға асығу Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннетінен».

Сонымен қатар Пайғамбар (с.ғ.с.) сүннеті бойынша қашан қолға қаржы түскенде қарыздың үлесін алдын ала бөліп қою керек.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَا أَحِبُّ أَنْ أُحْدَا عِنْدِي ذِمَّةً فَتَأْتِي عَلَيَّ ثَالِفَةً وَعِنْدِي مِنْهُ شَيْءٌ إِلَّا شِئْءٌ أَرْضَعُهُ فِي قِضَاءِ دَيْنٍ». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَةَ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятқа Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Егер менде Ухуд тауындай алтын болған болса, маған үшінші түн жеткенде одан қарыздың өтеміне сақтағанымнан өзге ештеңе қалмағанын қалар едім»*, – деген. Ибн Мәжә риуаят еткен.

Шынайы мұсылман біреуден алған қарызын арнайы кітапшаға жазып қоюы керек. Өйткені уақыт өте келе ол туралы ұмытып кетуі ықтимал. Дер кезінде қайтара алмаған жағдайда артындағы жанұясына, туған-туыстарына өсиет етіп кетуі тиіс.

عَنْ بِنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَا حَقُّ امْرِئٍ مُسْلِمٍ بَيْتِ لَيْتَيْنِ وَوَلَةٍ شَيْءٍ يُوَصِّي فِيهِ إِلَّا وَوَصِيَّتَهُ مَكْتُوبَةٌ عِنْدَهُ». سُنَنِ التِّرْمِذِيِّ، كِتَابُ الْحَتَائِرِ.

Ибн Омардан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.) былай дейді: *«Артына қалдыратын лайықты бірер өсиет нәрсесі болған мұсылман кісінің өсиетін жазбай екі кешті өткізуі дұрыс емес»*. Термези риуаяты. Ибн Омар (р.а.): *«Пайғамбардың (с.ғ.с.) осы сөздерін естігеннен бері қасымда жазылулы өсиетім болмай бір кешті де өткізбедім»*, – деген екен.

Осы хадистен мынадай қағида шығады. Расында әрбір адам қашан ажалы жетіп, дүниеден өтетінін білмейді, сол үшін мойнындағы қарыздарды, аманаттарды алдын ала жазып қоюы керек.

Қарызды қайтармаған байдың шарияттағы жазасы

Егер бір кісі бір кісіден қарыз алып, оны мүмкіндігі бола тұра уақытында қайтармай, ұзын арқан, кең тұсауға салып жүре беретін болса, оған шарият бойынша арнайы жазалар қолданылады. Әуелі қарыз беруші қарыз алушының осындай әрекеті туралы шағымданып қазыға барады. Сосын қазы істің анық-қанығына көзі жеткен сон қарыз алушы тараптың қарызды қайтаруы үшін төмендегі жазалардың бірін қолданады.

1. Қамауға алу. Егер мал-мүлкі бола тұра қарызды қайтармай, оны өтеуден бас тартса немесе көпке созып жүре берсе, ол адам қамауға алынады да қашан қарызын өтегенше шығарылмайды. Әбу Дәуіт риуаят еткен хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Байдың қарызды қайтармауы оны жазалауға рұқсат береді»*, – деген. Басқа бір сахих хадисте: *«Байдың көпке созуы зұлымдық»*, – деген.

2. Мал-мүлкін қолдануына тыйым салу. Егер қарыз алушы мал-мүлкі, мүмкіндігі бола тұра, қарызды қайтармай, созып жүре беретін болса, оған мал-мүлкін пайдалануға тыйым салынады.

3. Мал-мүлкін сату. Егер қазы үкім еткен жағдайда қарыздарын қайтармай жүрген бай адамның мал-мүлкі тиісті бағасымен сатылып, адамдардың ақылары қайтарылады.

Қарызға батқан кедейге көмектесу

Аталып өткен жазалар мал-мүлкі бола тұра қарызды көп кешіктіріп, созып жүрген бай адамдарға қатысты. Ал егер қарыз алушының жағдайы өте нашар болса, оған жеңілдік жасап, көмектескен дұрыс. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде солай бұйырған.

﴿وَإِنْ كَانَ ذُو عُسْرَةٍ فَنَظِرَةٌ إِلَىٰ مَيْسَرَةٍ وَأَنْ تَصَدَّقُوا خَيْرٌ لَّكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ﴾

«Егер қарызгер қиын жағдайда қалса, оның жағдайы жеңілдегенше қосымша мұрсат беріндер. Алайда садақа қылып қалдыру сендер үшін қайырлы, егер білген болсаңдар» (Бақара, 280).

Сондықтан да қарызды қайтара алмай әбден қиналған адамға қосымша мұрсат беру керек. Ал мұндай жағдайда ең жақсысы мүмкіндігі болса қарыз берушінің қарызды кешіргені дұрыс. Пайғамбардың (с.ғ.с) қарыздан қиналған адамға жеңілдік жасауға үндейтін хадистері көп. Солардың біразы төмендегідей.

عَنْ بُرَيْدَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، قَالَ: «سَمِعْتُ النَّبِيَّ يَقُولُ: مَنْ أَنْظَرَ مُعْسِرًا فَلَهُ بِكُلِّ يَوْمٍ مِثْلُهُ صَدَقَةٌ، قَالَ: ثُمَّ سَمِعْتُهُ يَقُولُ: مَنْ أَنْظَرَ مُعْسِرًا فَلَهُ بِكُلِّ يَوْمٍ مِثْلُهُ صَدَقَةٌ، فَلَسْتُ: سَمِعْتُكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ، فَقَوْلُ: مَنْ أَنْظَرَ مُعْسِرًا فَلَهُ بِكُلِّ يَوْمٍ مِثْلُهُ صَدَقَةٌ، ثُمَّ سَمِعْتُكَ يَقُولُ: مَنْ أَنْظَرَ مُعْسِرًا فَلَهُ بِكُلِّ يَوْمٍ مِثْلُهُ صَدَقَةٌ، قَالَ: لَهُ بِكُلِّ يَوْمٍ مِثْلُهُ صَدَقَةٌ قَبْلَ أَنْ يَجِلَّ الدَّيْنُ، فَإِذَا حَلَّ الدَّيْنُ فَانظُرْهُ، فَلَهُ بِكُلِّ يَوْمٍ مِثْلُهُ صَدَقَةٌ». رَوَاهُ أَحْمَدُ.

Бурәйда атты сахаба (р.а.) былай әңгімелейді: «Мен Пайғамбардың (с.ғ.с.): «Кімде-кім қиын жағдайдағы адамды (яғни ондағы қарызын) күтсе, оған әрбір күніне пара-пар садақа жазылады», — дегенін естідім. Кейіннен оның: «Кімде-кім қиын жағдайдағы адамды (яғни ондағы қарызын) күтсе, оған әрбір күніне екі садақа жазылады», — дегенін естідім. Сосын оған барып: «Иә, Расулаллаһ! Сіздің былай-былай дегеніңізді естідім», — деп мәнісін сұрадым. Сонда ол: «Оған (қарыз берушіге) қарыздың мерзімі біткенше күніне бір садақа жазылады. Ал қарыздың қайтарылатын мерзімі келіп, оны (қарыз берушіні) күтіп, мұрсат берсе, оған әрбір күткен күніне екі садақа жазылады», — деп түсіндірді». Ахмад риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «كَانَ تَاجِرٌ يُدَائِنُ النَّاسَ، فَإِذَا رَأَى مُعْسِرًا قَالَ لِفَتِيَاةٍ: تَحَاوِزْ عَنِّي اللَّهُ يَتَحَاوِزَ عَنِّي، فَتَحَاوِزَ اللَّهُ عَنْهُ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Ертеде адамдарға қарыз беретін бір саудагер кісі болыпты. Ол егер жағдайы қиын адамды көрсе, өзінің

қызметшілеріне: «Оның қарызын сұрамай, кешіре сал, бәлкім сол арқылы Аллаһ бізді де кешіреді», – дейді екен. Бұл кісі қайтыс болғанда Аллаһ оның күнә-қателіктерін кешірді». Бұхари мен Мүслім риуаят еткен.

عَنْ حُذَيْفَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «أَتَى اللَّهُ عَبْدًا مِنْ عِبْدِهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، قَالَ: مَا عَمِلْتَ لِي فِي الدُّنْيَا؟ فَقَالَ: مَا عَمِلْتُ لَكَ يَا رَبِّ، وَمَقَالَ ذَرُّوْهُ فِي الدُّنْيَا أَرْجُوْكَ بِهَا – قَالَهَا ثَلَاثَ مَرَّاتٍ – قَالَ الْعَبْدُ عِنْدَ آخِرِهَا: يَا رَبِّ، إِنَّكَ كُنْتَ أَغْطَيْتَنِي فَضْلَ مَا لَمْ، وَكُنْتُ رَجُلًا أَبِيعُ النَّاسَ، وَكَانَ مِنْ خَلْقِي الْجَوَّارِ، فَكُنْتُ أَيْسُرُ عَلَى الْمُوسِرِ وَأَنْظَرُ الْمُعْسِرِ، قَالَ: فَيَقُولُ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ: أَنَا أَحَقُّ مَنْ يُيسَّرُ، أَدْخِلِ الْجَنَّةَ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ وَمُسْلِمٌ.

Хузэйфа (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Қиямет күні Аллаһ пенделерінің біреуіне келіп: «Дүниеде Мен үшін не істедің?» – деп сұрайды. Сонда пенде: «Иә, Раббым! Дүниеде сен үшін зеренің мысқалындай да нәрсе істемеппін, мені кешіре гөр», – деп үш рет айтады. Сосын ақырғы сөзінде: «Иә, Раббым! Расында сен маған артық мал-мүлік беріп едің. Мен адамдармен сауда-саттық жасайтынмын. Менің қарызға кешіріммен қарайтын әдетім бар еді. Байға жеңілдік жасап, кедейге мұрсат беруші едім», – дейді. Сонда даңқты нәм ұлық Аллаһ оған: «Жеңілдік жасағаншың Иесі Менмін, жәннатқа кір», – деп кешіреді». Бұхари мен Мүслім риуаят еткен хадис.

Қарызды қайтармау кешірілмес күнә

Өкінішке орай, қазіргі заманда қарыз алып, қарыз берушіні алдап кету жағдайлары көп кездеседі. Мұсылман шарифаты бойынша мұндай әрекет үлкен күнә. Өйткені пендені алдағанмен Аллаһты алдай алмайсың.

عَنْ أَبِي أُمَامَةَ إِبْرَاهِيمَ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ الْحَارِثِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ، أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ أَقْطَعَ حَقَّ امْرِئٍ مُسْلِمٍ بِيَمِينِهِ، فَقَدْ أَحْبَبَ اللَّهُ لَهُ النَّارَ، وَحَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ» قَالَ رَجُلٌ: وَإِنْ كَانَ شَيْئًا يَسِيرًا يَا رَسُولَ اللَّهِ؟ فَقَالَ: «وَإِنْ كَانَ قِصْبًا مِنْ أَرْأَلِكِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Умәмә Ийяс ибн Сағлаба әл-Харисиден (р.а.) жеткен риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: «Кімде-кім мұсылман адамның хақысын (жалған) антымен бөліп алса Аллаһ оған тамұқты бұйырып, жұмақты харам етеді». Бір кісі: «Иә, Расулаллаһ! Тіпті, мардымсыз нәрсе болса да ма?» – деп сұрады. Ол: «Тіпті, арақ

ағашының бір таяғы болса да», – деді. Мүслім риуаят еткен. Арак – мисуак жасалынатын ағаш түрі.

عَنْ أَبِي مُوسَى الْأَشْعَرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «إِنَّ أَعْظَمَ الذُّنُوبِ عِنْدَ اللَّهِ أَنْ يَلْقَاَهَا بِهَا عَيْدٌ بَعْدَ الْكِبَائِرِ الَّتِي نَهَى اللَّهُ عَنْهَا أَنْ يَمُوتَ رَجُلٌ وَعَلَيْهِ دَيْنٌ لَا يَدْعُ لَهُ فِضَاءً». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) былай деген: *«Аллаһтың дәрегейіндегі Аллаһ тыйым салған үлкен күнәлерден кейінгі ең зор күнә – бір адамның мойнында қарызы болып, онысын өтеуге ештеңе қалдырмай дүниеден өтуі»*. Әбу Дәуіт риуаят еткен.

عَنْ أَبِي قَتَادَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «جَاءَ رَجُلٌ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَهُوَ عَلَى الْبَيْتِ فَقَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَرَأَيْتَ إِنْ ضَرَبْتُ بِسَيْفِي فِي سَبِيلِ اللَّهِ صَابِرًا مُحْتَسِبًا مُقْبِلًا غَيْرَ مُدْبِرٍ حَتَّى أَقْتُلَ، أَيْكْفِرُ اللَّهُ عَنِّي خَطَأًا بَاطِلًا؟ قَالَ: نَعَمْ، فَلَمَّا أَدْبَرَ دَعَاهُ فَقَالَ: هَذَا جَبْرِيْلُ يَقُولُ: إِلَّا أَنْ يَكُونَ عَلَيْكَ دَيْنٌ». رَوَاهُ النَّسَائِيُّ.

عَنْ سَمُرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «حَاطَبْنَا رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: هَا هُنَا أَحَدٌ مِنْ بَنِي فَلَانٍ! فَلَمْ يُجِبْهُ أَحَدٌ ثُمَّ قَالَ: هَا هُنَا أَحَدٌ مِنْ بَنِي فَلَانٍ! فَلَمْ يُجِبْهُ أَحَدٌ ثُمَّ قَالَ: هَا هُنَا أَحَدٌ مِنْ بَنِي فَلَانٍ! فَقَامَ رَجُلٌ فَقَالَ: أَنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ! فَقَالَ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: مَا مَنَعَكَ أَنْ تُجِيبَنِي فِي الْعَرَّتَيْنِ الْأُولَيَيْنِ، أَمَا إِنِّي لَمْ أَنْوَهُ بِكُمْ إِلَّا خَيْرًا، إِنَّ صَاحِبِكُمْ مَأْسُورٌ بِدِينِهِ فَلَقَدْ رَأَيْتُهُ، أَدَّى عَنْهُ حَتَّى مَا بَقِيَ أَحَدٌ يَطْلُبُهُ بِشَيْءٍ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

барлығын өтеді. Ақырында одан қарызын талап ететін ешкім қалған жоқ». Әбу Дәуіт риуаят еткен.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «نَفْسُ الْمُؤْمِنِ مُعْتَلَةٌ مَا كَانَ عَلَيْهِ

دَيْنٌ». رَوَاهُ ابْنُ حِبَّانَ.

Әбу Нурайра (р.а.) жеткізген риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Мүміннің жаны, егер мойнында қарызы болса, ілініп тұрады», – деген. Ибн Хиббан риуаят еткен.

عَنْ مُحَمَّدِ بْنِ جَحْشٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: كُنَّا جُلُوسًا عِنْدَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَرَفَعَ رَأْسَهُ إِلَى

السَّمَاءِ ثُمَّ وَضَعَ رَأْسَهُ عَلَى جَهْتِهِ ثُمَّ قَالَ: سُبْحَانَ اللَّهِ، مَاذَا نَزَلَ مِنَ الشَّيْطَانِ؟! فَسَكَتْنَا وَقَرَعْنَا فَلَمَّا كَانَ مِنَ الْغَدِ سَأَلْتُهُ:

يَا رَسُولَ اللَّهِ، مَا هَذَا الشَّيْطَانِ الَّذِي نَزَلَ؟ فَقَالَ: وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ لَوْ أَنَّ رَجُلًا قُتِلَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ ثُمَّ أُحْيِيَ ثُمَّ قُتِلَ ثُمَّ

أُحْيِيَ ثُمَّ قُتِلَ وَعَلَيْهِ دَيْنٌ مَا دَخَلَ الْحَيَّةَ حَتَّى يُقْضَى عَنْهُ دَيْنُهُ». رَوَاهُ النَّسَائِيُّ.

Мұхаммед ибн Жашх (р.а.) былай дейді: «Бірде Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) қасында отыр едік, ол кісі басын көтеріп, аспанға қарады да, сосын алақанын маңдайына қойып: «СубханАллаһ! Неткен қатал үкім түсті?!» – деді. Біз үрейленіп, үнсіз қалдық. Ертеңіне мен: «Йә, Расулаллаһ! Түскен қатал үкім не еді?» – деп сұрадым. Ол: «Жанымның иесі болған Аллаһтың атымен ант етейін, егер бір адам Аллаһ жолында өліп, сосын қайта тіріліп, сосын қайта өліп, сосын қайта тіріліп, сосын қайта өлсе де, егер оның мойнында қарызы болса, қашан қарызы өтелгенше жәннатқа кірмейді», – деді». Нәсэн риуаят еткен.

Қарыз қайтарылғанша жаназа оқылмайды

Пайғамбар (с.ғ.с.) мойнында қарызы болып дүниеден өткен адамның жаназасын оқымаған екен. Оған төмендегі хадистер дәлел болады.

عَنْ سَلَمَةَ بْنِ الْأَكْوَعِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «كُنَّا جُلُوسًا عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذْ أُنِيَ بِحَتَّارَةَ فَقَالُوا:

صَلِّ عَلَيْهَا، فَقَالَ: هَلْ عَلَيْهِ دَيْنٌ؟ قَالُوا: لَا، قَالَ: فَهَلْ تَرَكَ شَيْئًا؟ قَالُوا: لَا، فَصَلَّى عَلَيْهِ ثُمَّ أُنِيَ بِحَتَّارَةَ أُخْرَى فَقَالُوا: يَا

رَسُولَ اللَّهِ، صَلِّ عَلَيْهَا، قَالَ: هَلْ عَلَيْهِ دَيْنٌ؟ قِيلَ: نَعَمْ، قَالَ: فَهَلْ تَرَكَ شَيْئًا؟ قَالُوا: ثَلَاثَةَ دَنَانِيرَ، فَصَلَّى عَلَيْهَا ثُمَّ أُنِيَ

بِالنَّائِبَةِ فَقَالُوا: صَلِّ عَلَيْهَا، قَالَ: هَلْ تَرَكَ شَيْئًا؟ قَالُوا: لَا، قَالَ: فَهَلْ عَلَيْهِ دَيْنٌ؟ قَالُوا: ثَلَاثَةَ دَنَانِيرَ، قَالَ: صَلُّوا عَلَيَّ

صَاحِبِيكُمْ، قَالَ أَبُو قَتَادَةَ: صَلِّ عَلَيْهِ يَا رَسُولَ اللَّهِ، وَعَلَيْ دَيْنُهُ فَصَلَّى عَلَيْهِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Сәләмә ибн әл-Акуәға (р.а.) былай дейді: «Бірде Пайғамбардың (с.ғ.с.) қасында отыр едік, бір мәйіт әкелінді. Адамдар: «Оған жаназа оқыңыз», – деді. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Оның мойнында қарызы бар ма еді?» – деп сұрады. Олар: «Жоқ», – десті. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Ол

артында ештеңе қалдырып па еді?» – деп сұрады. Олар: «Жоқ», – десті. Пайғамбар (с.ғ.с.) оған жаназа оқыды. Сосын басқа бір мәйіт әкелінді де, адамдар: «Иә, Расулаллаһ! Оған жаназа оқыңыз», – деді. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Оның мойнында қарызы бар ма еді?» – деп сұрады. Олар: «Иә», – десті. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Ол артында ештеңе қалдырып па еді?» – деп сұрады. Олар: «Үш динар қалдырған», – десті. Пайғамбар (с.ғ.с.) оған жаназа оқыды. Сосын үшінші бір мәйіт әкелінді де, адамдар: «Оған жаназа оқыңыз», – деді. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Ол артында ештеңе қалдырып па еді?» – деп сұрады. Олар: «Жоқ», – десті. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Оның мойнында қарызы бар ма еді?» – деп сұрады. Олар: «Үш динар қарызы бар», – десті. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жолдастарыңа жаназа оқыңдар», – деді. Сонда Әбу Қатада (р.а.) тұрып: «Иә, Расулаллаһ! Оған жаназа оқыңыз, қарызын мен мойныма аламын», – деді. Пайғамбар (с.ғ.с.) оған жаназа оқыды». Бұхари риуаят еткен.

Аталған жайт Ислам дінінің алғашқы кезеңдерінде болатын. Кейіннен мұсылмандар жеңіске жетіп, біраз жетістіктерге қол жеткізгеннен кейін Пайғамбар (с.ғ.с.) борышкерлердің қарызын өзі өтейтін болды.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ يُؤْتِي بِالرَّجُلِ الْمُتَوَفَّى عَلَيْهِ الدِّينَ فَيَسْأَلُ حَلَّ تَرَكَ لِذَنْبِهِ فَضْلاً، فَإِنْ حَدَّثَ أَنَّهُ تَرَكَ لِذَنْبِهِ وَمَاءَ صَلَّى وَإِلَّا قَالَ لِلْمُسْلِمِينَ: صَلُّوا عَلَيَّ صَاحِبِكُمْ، فَلَمَّا قَضَى اللَّهُ عَلَيْهِ الْفَتْوحَ قَالَ: أَنَا أَوْلَى بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنفُسِهِمْ فَمَنْ تَوَفَّى مِنْ الْمُؤْمِنِينَ فَتَرَكَ دَيْناً فَعَلَيَّْ فَضَاؤُهُ وَمَنْ تَرَكَ مَالاً فَلِرَبِّئِهِ. رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Әбу Һурайраның (р.а.) айтуынша Аллаһ Елшісіне (с.ғ.с.) мойнында қарызы болып қайтыс болған кісі әкелінгенде оның қарызын өтеу үшін бірдеңе қалдырғаны туралы сұрайтын. Егер ол қарыздың өтемін тастаған болса, оған жаназа оқитын. Олай болмаса мұсылмандарға: «Жолдастарыңа жаназа оқыңдар», – дейтін. Кейін Аллаһ Тағала көп жеңістерге жеткізген соң ол: «Мен мүміндерге өздерінен де жақынмын. Мүміндерден біреу қайтыс болып, артында қарыз қалдырса, оның қарызын өзім өтеймін. Ал ол артында мал қалдырса, қарызының өтемі мұрагерлеріне жүктеледі», – деді». Бұхари риуаят еткен.

Қарыздың тағы бір маңыздылығы сондай, егер марқұм қайтыс боларынан бұрын мұрагерлеріне мал-мүлкінің бөлісі туралы өсиет етіп, қарызы туралы айтпаса, ол дүнпеден өткеннен соң ең әуелі өсиеті емес, қарызы өтеледі. Оған төмендегі риуаят дәлел болады.

عَنْ عَلِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ قَالَ: إِنَّكُمْ تَقْرَأُونَ هَذِهِ آيَةَ «مَنْ بَعَدَ وَصِيَّةَ نَوْصُونَ بِهَا أَوْ دِينَ» وَإِنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَضَى بِالذَّيْنِ قَبْلَ الرَّصِيَّةِ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Али (р.а.) былай деген: «Шындығында сендер мына «Қалдырған өсиеттерін мен қарыздарыңнан кейін (мирас таратылады)» деген аятты (Ниса, 12) оқисыңдар. Ақнқатында Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) (мәйіт қалдырған) қарызды өсиеттен бұрын өтейтін». Термеzi риуаят еткен.

Ең үлкен қарыз

Күллі адамзаттың мойнындағы ең үлкен қарыз – Жаратқан Иеге деген шүкіршілік, құлшылық. Өйткені оларды лайықты түрде орындаудан басқа, Рахманның рақымына пара-пар келегін амал істеу мүмкін емес дүние.

Әу баста жындар мен адамзат құлшылық, шүкіршілік үшін жаратылған-ды. Бұл туралы Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ﴾

«Жындар мен адамдарды Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым». (Зәрият, 56).

Ислам дінінде иман келтіргендер үшін парыз етілген басты ғибадаттар – намаз, ораза, зекет, хаж. Осылардың ішіндегі ең маңыздысы асыл дініміздің діңгегі – намаз. Күн сайын бес мәрте қайталанатын күнделікті парыз. Құран Кәрімде былай делінеді:

﴿إِنَّ الصَّلَاةَ كَانَتْ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ كِتَابًا مَوْقُوتًا﴾

«Расында намаз иман келтіргендер үшін уақтылы парыз қылынды» (Ниса, 103).

Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) намаздың манызы жайында мұсылмандарға нақты-нақты нұсқаулар қалдырған. Осынау парызды орындаған адамның күнәсі кешірілетіндігін кесіп айтқан.

عَنْ عَبْدِ بْنِ الصَّامِتِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: إِنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: «خَمْسُ صَلَوَاتٍ أَنْتَرَضَهُنَّ اللَّهُ تَعَالَى مِنْ أَحْسَنِ مَوْضِعِهِنَّ وَصَلَاهُنَّ يُوقِيهِنَّ وَأَنْتُمْ رُكُوعُهُنَّ وَخُشُوعُهُنَّ كَأَنَّ لَهُ عَلَى اللَّهِ عَهْدٌ أَنْ يَغْفِرَ لَهُ وَمَنْ لَمْ يَفْعَلْ فَلَيْسَ لَهُ عَلَى اللَّهِ عَهْدٌ: إِنْ شَاءَ غَفَرَ لَهُ وَإِنْ شَاءَ عَذَّبَهُ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Убада ибн ас-Самит (р.а.) былай дейді: «Мен Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) былай дегенін естідім: «Кімде-кім Аллаһ Тағаланың парыз қылған бес намазын дәретін жақсы алып, өз уақытында оқып, рақағаттары мен мойынсұнушылығын кәміл түрде орындаса, оны

Аллаһтың кешіруі бір уәделі міндет болады. Ал кім олай етпесе, ол үшін Аллаһта ешбір уәде-міндет жоқ, қаласа – кешіреді, қаласа – азаттайды». Әбу Дәуіт риуаяты.

Расында да дінімізде міндеттелінген аталған парыздарды мүлтіксіз орындаған пенде Жаратушысының жарылқауына ие болса, керісінше, оларға салғырт қарап, орындамаған жанның жағдайы өте қиын. Өтелмеген парыздары оның мойнында мәңгілік қарыз болып қалмақ. Бұл жай қарыз емес, Жаратушының алдындағы қарыз. Қарыздың ең үлкені осы, орындалмаған парыз амалдары. Бұл туралы хадистерде айтылған.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ امْرَأَةً مِنْ جُهَيْنَةَ جَاءَتْ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ: «إِنَّ أُمَّي تَذَرْتَنِي أَنْ تَحُجَّ فَلَمْ تَحُجَّ حَتَّى مَاتَتْ أَفَأَحُجُّ عَنْهَا؟»، قَالَ: «نَعَمْ، حُجِّي عَنْهَا، أَرَأَيْتَ لَوْ كَانَ عَلَى أُمِّكَ دَيْنٌ أَكُنْتُ قَاضِيَتَهُ؟ يُقَضُّوا دَيْنَ اللَّهِ، فَإِنَّهُ أَحَقُّ بِالْوَقْفَاءِ». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Мысалы, Абдуллаһ ибн Аббастан (р.а.) мынадай риуаят келтірілген: «Жуьәйна тайпасынан бір әйел Пайғамбарға (с.ғ.с.) келіп былай деді: «Анам хаж парызын өтеуді серт еткен еді. Бірақ оны өтей алмай қайтыс болды. Енді оның орнына мен өтесем бола ма?» – деді. Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.): «Иә, оның орнына хаж өте. Егер анаңның мойнында қарызы болған болса, сол қарызды өтер ме едің? Аллаһтың қарызын өтеңдер. Аллаһ қарызын өтеуге ең лайықты», – деді. Бұхари риуаят еткен.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ امْرَأَةً جَاءَتْ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَتْ إِنَّهُ كَانَ عَلَى أُمِّهَا صَوْمٌ شَهْرٍ: «أَفَأَقْضِيهِ عَنْهَا؟»، فَقَالَ: «لَوْ كَانَ عَلَى أُمِّكَ دَيْنٌ أَكُنْتُ قَاضِيَتَهُ؟»، قَالَتْ: «نَعَمْ»، قَالَ: «فَدَيْنُ اللَّهِ أَحَقُّ أَنْ يُقَضَّى». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Абдуллаһ ибн Аббастан (р.а.) мынадай риуаят жеткен: «Бір әйел кісі Пайғамбарға (с.ғ.с.) келіп: «Анамның мойнында бір айлық оразасы бар болатын (солай қайтыс болды). Соны анамның орнына өтеп берсем бола ма?» – деп сұрады. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Егер анаңның мойнында бір қарызы болғанда оны өтер ме едің?» – деп сұрады. Әйел: «Иә», – деді. Сонда Пайғамбар (с.ғ.с.): «Одан гөрі Аллаһтың қарызы өтелуге лайықтырақ», – деді». Әбу Дәуіт риуаяты.

Демек, ең үлкен қарыз, ол – өтелмеген парыз. Хадистерде айтылғандай марқұм болып кеткен кісілердің атынан олардың орындамаған парыздарын артындағы ұрпақтары орындап берсе болады екен. Дегенмен бұл мәселеде ғалымдардың арасында түрлі пікірлер бар екенін де ескеру керек.

Ең пайдалы қарыз

Ең пайдалы қарыз – Аллаһ жолында жасалынған ізгі іс, берілген садақа. Оның сауабы он еседен жеті жүз есеге дейін артып, Қиямет күні пенденің азаптардан аман қалуына себеп болады. Құран Кәрімде Құдай Тағалаға көркем түрде қарыз беруге нұсқайтын төмендегідей аяттар бар. Мұндағы көркем қарыздың мағынасы Аллаһ жолында жұмсалған мал-мүлік дегенді білдіреді.

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يُقرضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيضاعفه له أضعافًا كثيرة وَاللَّهُ يَقْبِضُ وَيَبْسُطُ وَإِلَيْهِ تُرجعون﴾

«Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе, Ол оны көп еселейді. Аллаһ тарылтады әрі кеңейтеді әрі түбінде Оған қайтасындар» (Бақара, 245).

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يُقرضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيضاعفه له وَله أَجرٌ كريمٌ﴾

«Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе, Ол оны еселейді. Ол нендеге ардақты бір сый бар» (Хадид, 11).

﴿إِنَّ الْمُصَّدِّقِينَ وَالْمُؤَدِّقَاتِ وَأَقْرَضُوا اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا يُضَاعَفُ لَهُمْ وَلَهُمْ أَجرٌ كريمٌ﴾

«Расында садақа таратып Аллаһқа көркем қарыз берген ерлер мен әйелдерге (сауаптары) еселенеді. Оларға ардақты бір сый бар» (Хадид, 18).

﴿إِن تُقرضُوا اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا يُضَاعَفْ لَكُمْ وَيَغْفِرْ لَكُمْ وَاللَّهُ شَكُورٌ حَلِيمٌ﴾

«Егер сендер Аллаһқа көркем бір қарыз берсендер, Ол сендерге оны (сауабын) еселейді және сендерді кешіреді. Аллаһ – алғысты қабыл алушы ғәм Мүләйім» (Тағабун, 17).

﴿وَأَقِيمُوا الصَّلَاةَ وَآتُوا الزَّكَاةَ وَأَقْرِضُوا اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا وَمَا تُقَدِّمُوا لِأَنفُسِكُمْ مِنْ خَيْرٍ تَجِدُوهُ عِنْدَ اللَّهِ هُوَ خَيْرًا وَأَعْظَمَ أَجْرًا﴾

«Намаз оқындар, зекет беріңдер және Аллаһқа көркем қарыз беріңдер. Өздеріңе алдын-ала дайындаған жақсылықты Аллаһтың алдында одан да қайырлы ғәм зор сыйлы түрде табасындар» (Мүзәмміл, 20).

Пайғамбар (с.ғ.с.) өз үмметінің қайырлы істерінің еселенуін қатты қалап, Раббысына күндіз-түні мінәжат еткен.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: لَمَّا قُرِئَتْ ﴿مَثَلُ الَّذِينَ يُبْفِقُونَ أَمْوَالَهُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ كَمَثَلِ حَبَّةٍ أُنْبَتَتْ سَبْعَ سَنَابِلٍ فِي كُلِّ سَنَابِلَةٍ مِئَةٌ حَبَّةٌ وَاللَّهُ يُضَاعِفُ لِمَنْ يَشَاءُ وَاللَّهُ وَاسِعٌ عَلِيمٌ﴾ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: رَبِّ، زِدْ أُمَّيَّ، قُرِئَتْ ﴿مَنْ ذَا الَّذِي يُقرضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا فَيضاعفه له أضعافًا كثيرة﴾ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: رَبِّ، زِدْ أُمَّيَّ، قُرِئَتْ ﴿إِنَّمَا يُوفَى الصَّابِرُونَ أَجْرَهُمْ بِغَيْرِ حِسَابٍ﴾. رَوَاهُ ابْنُ حِبَّانَ.

Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) былай дейді: «Малдарын Аллаһтың жолында жұмсағандардың мысалы жеті масақ шығарған бір дән сияқты, әрбір масақта жеті жүз дән бар. Аллаһ қалағанына еселейді. Аллаһ Кеңпейіп нәм Білуші» (Бақара, 261) деген аят түскенде Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «*Иә, Раббым! үмметіме арттыра гөр!*» – деп тіледі. Сонда «**Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе, Ол оны көп еселейді**» (Бақара, 245) деген аят түсті. Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) тағы да: «*Иә, Раббым! үмметіме арттыра гөр!*» – деп тіледі. Сонда «**Шындығында сабырлылар өздерінің сыйларын қисапсыз түрде мольшан алады**» (Зүмәр, 10) деген аят түсті». Ибн Хиббан риуаяты.

Сахабалар, үмметтің көшбасшылары аталмыш аяттар уахи етілгенде дереу садақа беріп, мал-мүліктерінің біраз бөлігін ақиқат жолына арнаған. Солардың бірі Әбу Талха.

عَنْ أَنَسِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: لَمَّا بُرِكَتْ هَذِهِ الْآيَةُ «وَلَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ» أَوْ «مَنْ ذَا الَّذِي يُقْرِضُ اللَّهَ قَرْضًا حَسَنًا»، قَالَ أَبُو طَلْحَةَ وَكَانَ لَهُ حَائِطٌ، فَقَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، حَائِطِي لِيهِ وَلَوْ اسْتَطَعْتُ أَنْ أُسْرِهُ لَمْ أُعِينَهُ فَقَالَ: اإِحْتَلَهُ فِي قَرَابَتِكَ أَوْ أَقْرَبِيكَ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Анас ибн Мәлік (р.а.) былай дейді: «Қашан өздерің жақсы көрген нәрсені (Аллаһ жолына) жұмсамайынша игілікке жете алмайсындар» (Әли Ғимран, 92) немесе «Кімде-кім Аллаһқа көркем қарыз берсе...» (Бақара, 245) деген аяттардың біреуі түскен кезде Әбу Талха (оның бір бағы бар болатын): «Иә, Расулаллаһ! Бағым Аллаһ үшін болсын! Егер жасырын айта алғанымда жария айтпас едім. Оны туыстарыңызға беріңіз», – деді». Термези риуаят еткен.

Пайғамбардың өзі (с.ғ.с.) Аллаһ жолында садақа беруде мал-мүлкін аямайтын. Ол Ухуд тауындай алтынға ие болса да соның бәрін Аллаһ жолында жұмсауға тырысатын.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَا أُجِبُّ أَنْ أَحُدَا عِنْدِي ذَهَبًا فَتَأْتِي عَلَيَّ ثَلَاثَةٌ وَعِنْدِي مِنْهُ شَيْءٌ إِلَّا شِئْءٌ أَرْضُدُهُ فِي فِضَاءِ دِينٍ». رَوَاهُ ابْنُ مَاجَةَ.

Әбу Нурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.): «Егер менде Ухуд тауындай алтын болған болса, маған үшінші түн жеткенде одан қарыздың өтеміне сақтағанымнан өзге ештеңе қалмағанын қалар едім», – деген. Ибн Мәжә риуаят еткен.

Қарыз қыспағынан құтылу жолдары

Қарызға батқандарға зекет малынан көмектесуге болады

Шариғат бойынша қарызға батып қиналғандарға зекет малынан көмектесуге болады. Яғни, аukatты адамдар жыл сайын беретін зекетін қарызға белшесінен батқан борышкерлерге бере алады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде «Тәубе» сүресінің 60-аятында зекеттен жиналған мал-мүліктің қайда жұмсалуы керектігін нақтылы түрде айтып өткен:

﴿إِنَّمَا الصَّدَقَاتُ لِلْفُقَرَاءِ وَالْمَسْكِينِ وَالْعَامِلِينَ عَلَيْهَا وَالْمُؤَلَّفَةِ قُلُوبُهُمْ وَفِي الرِّقَابِ وَالْغَارِمِينَ وَفِي سَبِيلِ

اللَّهِ وَابْنِ السَّبِيلِ فَرِيضَةً مِّنَ اللَّهِ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ﴾

«Шын мәнінде садақалар (zekеттер) кедейлерге, міскіндерге, зекет жинаушыларға, жаңа мұсылмандарға, құлдарға, борыштыларға, Аллаһ жолында жүргендерге, жолаушыға (беріледі)» (Тәубе, 60).

Осы аятта айтылғандай зекет, негізінен, сегіз түрлі мұқтаж адамдарға жұмсалады:

1. Кедей-кепшіктер.
2. Міскіндер.
3. Зекет жинауға көмектесушілер.
4. Дінге жанадан кірушілер.
5. Өз бостандығы үшін жүрген құлдар.
6. Қарызға батқандар.
7. Аллаһ жолында жүргендер.
8. Пақыр жолаушылар.

Мұндағы қарызға батқандар дегеніміз тапқан табысы, мал-мүлкі қарызын өтеуге мүлде жетпейтін борышкерлер.

Демек, зекет малы арқылы басқалармен бірге қарызға батып қиналған мұсылмандарға көмектесуге болады екен. Сондықтан да зекет беру парыз болған байлардың зекет малдарын қарыздан қиналған діндес бауырларына беруіне болады.

Дұғалар

Дұға – мұсылманның рухани қаруы, түрлі қиындықтар мен сынақтарға қарсы алынбас қамалы. Дұға-тілексіз адам жеміссіз

ағаштай. Себебі Аллаһ Тағала Өзіне дұға қылып, тілеген нәрселерін сұрауға бұйырған. Хақ Тағала былай дейді:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ﴾

«Раббыларың: «Маған жалбарыныңдар! Тілектеріңді қабылдаймын...», – деп!» (Ғафыр, 60);

﴿وَإِذَا سَأَلَكَ عِبَادِي عَنِّي فَإِنِّي قَرِيبٌ أُجِيبُ دَعْوَةَ الدَّاعِ إِذَا دَعَانِ فَلْيَسْتَجِيبُوا لِي وَلْيُؤْمِنُوا بِي لَعَلَّهُمْ

يُرْشِدُون﴾

«Егер құлдарым Мен туралы сенен сұраса, Мен өте жақынмын. Қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін. Ендеше олар да әмірімді қабыл етсін. Және Маған сенсін. Әрине, тура жол тапқан болар еді» (Бақара, 186).

Дұғаның пайдасы туралы Пайғамбар (с.ғ.с.) да хадистерінде көп айтып өткен. Солардың екеуі төмендегідей.

عَنِ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «الدُّعَاءُ يَقْعُقُ مِمَّا نَزَلَ وَمِمَّا لَمْ يَنْزَلْ فَعَلَيْكُمْ

عِبَادَ اللَّهِ بِاللُّدْعَاءِ». رَوَاهُ الْحَاكِمُ وَأَخْبَدُ.

Абдуллаһ ибн Омардан (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.): «Дұға басқа түскен нәрсеге де, түспеген нәрсеге де пайдалы. Иә, Аллаһтың құлдары, дұға қылыңдар», – деген. Хақим мен Ахмад риуаят еткен.

عَنْ سَلْمَانَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «لَا يَرُدُّ الْقَضَاءُ إِلَّا الدُّعَاءَ، وَلَا يَزِيدُ فِي

الْعُمْرِ إِلَّا الْبِرُّ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ، وَالْحَاكِمُ، وَابْنُ مَاجَهَ، وَأَخْبَدُ.

Сәлманнан (р.а.) жеткен риуаятта Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Жазмышты тек дұға ғана қайтарады, ғұмырды ізгілік қана ұзартады», – деген. Термези, Хақим, Ибн Мәжә, Ахмад риуаяты.

Дұғаның бір шарты – оны шын ықыласпен, қабыл болатынына сенген түрде қылу керек. Сонда ғана көздеген мұратқа жетуге болады.

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «ادْعُوا اللَّهَ وَأَنْتُمْ مُوقِنُونَ بِالْإِجَابَةِ، وَأَعْلَمُوا

أَنَّ اللَّهَ لَا يَسْتَجِيبُ دُعَاءَ مَنْ قَلَبَ غَافِلٌ لَاهٍ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Әбу һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.) былай деген: «Аллаһтың жауап беретініне нық сеніммен дұға қылыңдар. Аллаһтың гапыл қалған әуесқойдың жүрегінен шыққан дұғаны қабыл етпейтіндігін біліңдер». Термези риуаят еткен.

Мына хадисте Пайғамбардың (с.ғ.с.) дұғасының бір сахабаның қарызынан құтылуына себепші болғандығы туралы айтылады.

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَخْبَرَ أَنَّ أَبَاهُ قِيلَ يَوْمَ أُحُدٍ شَهِدًا وَعَلَيْهِ ذَنْبٌ فَاسْتَدَّ الْعُرْمَاءُ فِي حُفُوفِهِمْ فَأَتَيْتُ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَسَأَلْتُهُمْ أَنْ يَقْتُلُوا نَعْرَ حَائِطِي وَيَحْلِلُوا أَبِي فَأَبَوْا فَلَمْ يُعْطِهِمُ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حَائِطِي وَقَالَ: سَتَلِدُوا عَلَيَّ، فَهَذَا عَلَيَّتَا حِينَ أَمْسَحَ بِرَأْسِي فِي الشَّخْلِ وَدَعَا فِي نَعْرَهَا بِالرَّيْكَ فَحَدَّثْتَاهَا فَفَضَّيْتُهُمْ وَبَقِيَ لَنَا مِنْ نَعْرِهَا». رَوَاهُ الْبُخَارِيُّ.

Жәбір ибн Абдуллаһ (р.а.) былай дейді: «Әкем Ухуд шайқасында шәһид болды. Оның мойнында қарызы бар еді. Қарыз берушілер хақтарын қатты талап ете бастады. Мен бұл туралы Пайғамбарға (с.ғ.с.) бардым. Ол оларға менің бағымның құрмасын алып, әкемнің ақысын адалдауын ұсынып еді, олар (оны азырканып) қабыл алмады. Пайғамбар (с.ғ.с.) оларға бағымды басыбайлы бермеді. Сосын маған: «*Біз саған ертемен соғармыз*», – деді. Пайғамбар (с.ғ.с.) бізге таңертең келді де, құрма ағаштарын аралап, жемістеріне береке тілеп дұға қылды. Мен жемістерді кесіп алдым да олармен қарыздарымды өтедім. Құрма жемістерінен өзімізге де біраз артылды». Бұхари риуаяты.

Төменде қарызға батып қиналған адам үшін оқитын аят-хадистерден жинақталған біраз дұғаларды ұсынамыз.

﴿لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ سُبْحَانَكَ إِنِّي كُنْتُ مِنَ الظَّالِمِينَ﴾

Оқылуы: «*Лә иләһә иллә әнтә, субханәкә инни кунту миназ-заалимин*».

Мағынасы: «Сенен басқа құдай жоқ, Сен пәксің, мен залымдардан болдым» (Әнбия, 87). Дәйләми риуаят еткен хадисте Пайғамбар (с.ғ.с.) Жүніс пайғамбардың (с.ғ.с.) дұғасын оқыған пенденің тілегі қабыл болады деген.

عَنْ عَلِيِّ بْنِ أَبِي طَالِبٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ مَكَايِبًا جَاءَهُ فَقَالَ: «إِنِّي عَجَزْتُ عَنْ كِتَابِي فَأَعْتِنِي». قَالَ: «أَلَا أَعْلَمُكَ كَلِمَاتٍ عَلَّمَنِيَهُنَّ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَوْ كَانَ عَلَيْكَ مِثْلُ جَبَلٍ دَبَّيْنَا أَدَاهُ اللَّهُ عَنْكَ؟ قُلْ: «اللَّهُمَّ اكْفِنِي بِحَلَالِكَ عَنْ حَرَامِكَ، وَأَغْنِنِي بِفَضْلِكَ عَمَّنْ سِوَاكَ». رَوَاهُ التِّرْمِذِيُّ.

Али ибн Әбутәліпке (р.а.) бас азаттығының құнын төлей алмай қиналған бір құл келіп: «Мен өзімнің құнымды төлей алмай әбден қиналдым, маған көмектес», – дейді. Сонда Али: «Мен саған Аллаһ Елшісінің (с.ғ.с.) маған үйреткеп сөздерін үйретейін. Егер оларды айтсаң, сенің таудай қарызың болса да Аллаһ оны өтейді: «*Иә, Аллаһ! Мені халалың арқылы харамыңнан аулақ қыл. Өзіңнің рақымыңмен мені Өзіңнен басқаға мұқтаж қылма*» деп айт», – дейді». Термези риуаят еткен.

Оқылуы: «*Аллаһуммакфини бихаләликә ған хараамика, уа агнини бифадлика ғаммән сиуәәк*».

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ مَسْعُودٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ قرَأَ سُورَةَ الرَّاقِعَةِ كُلَّ لَيْلَةٍ لَمْ يَضِئْهُ فَاقَةٌ أَبَدًا». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ.

Абдуллаһ ибн Масғұдтан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім әрбір түні Уақиға сүресін оқитын болса, оған ешқашан таршылық тап болмайды». Бәйһақи риуаят еткен.

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «مَنْ لَزِمَ الْإِسْتِغْفَارَ حَمَلَ اللَّهُ لَهُ مِنْ كُلِّ ضَيْقٍ مَخْرَجًا وَمِنْ كُلِّ هَمٍّ فَرَجًا وَرَزَقَهُ مِنْ حَيْثُ لَا يَحْتَسِبُ». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ وَابْنُ مَاجَةَ.

Абдуллаһ ибн Аббастан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.) былай дейді: «Кімде-кім истиғфар айтуды әдетке айналдырса, Аллаһ оған әрбір қиындықтан шығар жол, әрбір қайғыдан құтылар жол жасайды әрі оған ойламаған жерден ризық береді». Әбу Дәуіт, Ибн Мәжә риуаят еткен.

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «دَخَلَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ذَاتَ يَوْمٍ الْمَسْجِدَ فَإِذَا هُوَ بِرَجُلٍ مِنَ الْأَنْصَارِ يُقَالُ لَهُ أَبُو أَمَانَةَ، فَقَالَ لَهُ: يَا أبا أَمَانَةَ، مَا لِي أَرَاكَ جَالِسًا فِي الْمَسْجِدِ فِي غَيْرِ وَقْتِ الصَّلَاةِ؟ قَالَ: هُمُومٌ لِرِئَاسَتِي وَذِيُونٌ، يَا رَسُولَ اللَّهِ، قَالَ: أَفَلَا أَعْلَمُكَ كَلِمَاتًا إِذَا قُلْتَهُ أَذْهَبَ اللَّهُ هَمَّكَ وَقَضَى عَنكَ دَيْتَكَ؟ قَالَ: بَلَى، يَا رَسُولَ اللَّهِ! قَالَ: قُلْ إِذَا أَصْبَحْتَ وَإِذَا أَمْسَيْتَ: اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْهَمِّ وَالْحَزَنِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الْعَجْزِ وَالْكَسَلِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الْخُبْنِ وَالْبُخْلِ وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ غَلَبَةِ الدَّيْنِ وَقَهْرِ الرِّجَالِ». قَالَ: فَفَعَلْتُ ذَلِكَ فَأَذْهَبَ هَمِّي وَقَضَى عَنِّي دَيْتِي». رَوَاهُ أَبُو دَاوُدَ.

Әбу Сағид әл-Худри (р.а.) былай дейді: «Бір күні Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) мешітке кірсе онда Әбу Умама дейтін бір ансарлық отыр екен. Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Иә, Әбу Умама! Мешітте намаздан тыс уақытта бұлай отыруыңның себебі не?» – деп сұрайды. Әбу Умама: «Иә, Расулаллаһ! Уайым мен қарызға баттым», – деп жауап берді. Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Мен саған егер оны айтсаң Аллаһ сенің уайымыңды кетіріп, қарызыңнан құтқаратын бір сөзді үйретейін бе?» – деді. Әбу Умама: «Әрине, иә, Расулаллаһ!» – деді қуанып. Сонда Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.): «Ертеңімен және кешке былай деп айт: «Иә, Аллаһ! Өзіңнің атыңмен уайым мен қайғыдан сақтанамын. Өзіңнің атыңмен дәрменсіздік пен жалқаулықтан сақтанамын. Өзіңнің атыңмен қорқақтықтан, сараңдықтан сақтанамын. Өзіңнің атыңмен қарыздың қыспағынан және адамдардың жәбірінен сақтанамын». Әбу Умама айтады: «Мен осыны істеп едім, менің уайым-қайғым кетіп, қарызымнан құтылдым». Әбу Дәуіт риуаят еткен.

Дұғаның оқылуы: «Аллаһумма инни әгузу бикә минәл-һәмми уал-һазани, уа әгузу бикә минәл-һадзи уал-кәсәли, уа әгузу бикә минәл-

жубни уал-бухли, уа әгузу бикә мин ғалабатид-дәйни уа қаһрир-рижәәл».

قَالَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «بَا مَعَادُ أَلَا أُعَلِّمُكَ دُعَاءً تَدْعُو بِهِ، فَلَوْ كَانَ عَلَيْكَ مِنَ النَّارِ بِغَلِّ صَبِيرٍ أَدَاهُ عَنَّا، فَادْعُ اللَّهَ، يَا مَعَادُ، قُلْ: «اللَّهُمَّ مَا لَكَ الْمَلِكُ يُؤْتِي الْمَلِكَ مِنْ تَشَاءُ وَتُرِيغُ الْمَلِكَ مِنْ تَشَاءُ وَمَنْ تَشَاءُ وَتُعْزِمُ مَنْ تَشَاءُ وَتُدْوِلُ مَنْ تَشَاءُ بِيَدِكَ الْخَيْرُ إِنَّكَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ * تَوْلِجُ اللَّيْلِ فِي النَّهَارِ وَتَوْلِجُ النَّهَارِ فِي اللَّيْلِ وَتُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَتُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَتَرْزُقُ مَنْ تَشَاءُ بِغَيْرِ حِسَابٍ»، رَحِمَنَ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَرَجِمَهُمَا، تُعْطِي مِنْهُمَا مَنْ تَشَاءُ، وَتَسْتَعِزُّ مَنْ تَشَاءُ، إِرْحَمْنِي رَحْمَةً تُغْنِيَنِي بِهَا عَنْ رَحْمَةِ مَنْ سِوَاكَ». رَوَاهُ الطَّبْرَانِيُّ.

Пайғамбар (с.ғ.с.) Муғаз ибн Жәбәлға (р.а.): *«Иә, Мұғаз! Мен егер сенің аспандағы бұлттардай көп қарыздарың болса да, онымен дұға қылсаң сол қарыздарды сенен кетіретін бір дұға туралы айтайын ба? Иә, Мұғаз Аллаһқа былайша дұға қыл: «Иә, Аллаһ! Патшалық пен биліктің Иесі! Билікті қалағаныңа бересің нәм қалағаныңнан жұлын аласың! Қалағаныңның мерейін үстем етесің, нәм қалағаныңды бейшара күйге түсіресің! Барлық игілік Сенің қолыңда. Шынында да Сенің күдірет-күшін барлық нәрсеге жетеді. Түнді күндізге кіргізесің нәм күндізді түнге кіргізесің! Өліден тіріні шығарасың, нәм тіріден өліні шығарасың! Әрі қалағаныңа қисансыз рнзык бересің!»* (Әли Ғимран сүресінің 26, 27-аяттары), *Иә, дүние мен Ақыреттің Рахманы нәм Рахимы! Сен ол екеуінен қалағаныңа бересің, нәм қалағаныңа тыйым саласың! Мені Өзіңнен басқаның мейіріміне мұқтаж етпей рақымыңа бөлегейсің!»*. Табарани риуаяты.

Дұғаның оқылуы: *«Куллилләәһуммә мәғликәл-мулки, ту'тил-мулкә мән тәшәә', уа тәнзиғул-мулкә миммән тәшәә', уа туғиззу мән тәшәә', уа туғиззу мән тәшәә', биғәдикәл-хайру, иннәкә ғәләә кулли шәй'ин қадир. Туулижсул-ләйлә фин-нәһаари уа туулижсун-нәһаари фил-ләйл, уа тухрижсул-хәййә минәл-мәййити уа тухрижсул-мәййитә минәл-хәйй, уа тәрзуку мән тәшәә'у биғайри хисәәб, рахмәәнәд-дуниәә уал-аахира, уа рахимәһумәә, туғтый минһумәә мән тәшәә'у уа тәмнәәу мән тәшәә', ирхамни бирахматин тугнини биғәә ған рахмәтин мән сиуәәк»*.

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: «دَخَلَ عَلَيَّ أَبُو بَكْرٍ، فَقَالَ: «سَمِعْتُ مِنْ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ دُعَاءَ عَلَمِيَّيْ»، قُلْتُ: «مَا هُوَ؟»، قَالَ: «كَانَ عَيْسَى ابْنُ مَرْيَمَ يُعَلِّمُ أَصْحَابَهُ، قَالَ: «لَوْ كَانَ عَلَى أَحَدِكُمْ حَبْلٌ ذَهَبٍ دُبًّا فَدَعَا اللَّهَ بِذَلِكَ فَضَاءَهُ اللَّهُ عَنْهُ: «اللَّهُمَّ فَارِحِ الْهَمَّ وَكَاشِفِ الْغَمَّ وَمُجِيبِ دَعْوَةِ الْمُضْطَرِّينَ، رَحِمَنَ الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ وَرَجِمَهُمَا، أَنْتَ تَرْحَمُنِي، فَارْحَمْنِي بِرَحْمَةٍ تُغْنِيَنِي بِهَا عَنْ رَحْمَةِ مَنْ سِوَاكَ»، قَالَ أَبُو بَكْرٍ: «كُنْتُ أَدْعُو بِذَلِكَ فَأَتَانِي اللَّهُ بِفَايِدَةٍ فَقَضَى عَنِّي ذَنْبِي»، وَقَالَتْ عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا: «فَكُنْتُ أَدْعُو بِذَلِكَ الدُّعَاءِ، فَمَا نَبَتْ إِلَّا بِسِرِّهَا».

حَتَّى رَزَقْتَنِي اللَّهُ رِزْقًا مَا هُوَ بِصَدَقَةٍ تُصَدَّقُ بِهَا عَلَيَّ، وَلَا مِيرَاثٍ وَرَثَتُهُ، فَقَضَى اللَّهُ عَنِّي دَيْتِي، وَفَسَّمْتُ فِي أَهْلِي قِسْمًا حَسَنًا وَحَلَيْتُ ابْنَةَ عَبْدِ الرَّحْمَنِ بِثَلَاثِ أَرْوَاقٍ مِنْ رِزْقِي وَقَطَّلْتُ لَنَا فَضْلًا حَسَنًا». رَوَاهُ الْبَيْهَقِيُّ وَالْحَاكِمِيُّ وَالْأَصْبَهَانِيُّ.

Айша (р.а.) былай дейді: «Бірде маған әкем Әбубәкір келіп: «Маған Аллаһ Елшісі (с.ғ.с.) бір дұға үйреткен еді», – деді. Мен: «Ол қандай дұға еді?» – деп сұрадым. Сонда ол былай деді: «Бұл дұғаны Мариямұлы Иса өзінің жолдастарына үйреткен екен. Ол былай депті: «Сендердің біреулеріңнің бір таудадай алтын қарызы болса да Аллаһтан осы дұғамен тілек тілесе, Аллаһ оның қарызын өтейді. Ол былай: «Иә, Аллаһ! Уайым-мұңды кетіруші! Қайғы-қасіретті сейілтуші! Зиянға ұшырағандардың дұғасына жауап беруші! Дүние мен Ақыреттің Рахманы һәм ол екеуінің Рахимы! Сен маған рақым етесің, Мені Өзіңнен басқаның мейіріміне мұқтаж етпейтіндей рақымыңа бөлегейсің!». Әбу Бәкір (р.а.) айтады: «Мен осы дұғаны айтып жүріп едім, Аллаһ маған пайда беріп, қарызымды өтеді». Айша (р.а.) айтады: «Мен де осы дұғамен тілек тілеп жүріп едім көп ұзамай Аллаһ маған бір ризық берді. Ол маған берілген садақа да емес, не мирастан алған үлесім де емес. Аллаһ менің қарызымды өтеді әрі одан қалғанын жанұяма көркем түрде бөліп бердім. Інім Абдурахманның қызына күмістен үш унция (шамамен 112 грамм) әшекей де алып бердім. Өзімізге де біраз бөлігі қалды». Әл-Барраз, әл-Хаким, әл-Асфәгани риуаят еткен.

Оқылуы: «Аллаһумма фәәрижәл-һәмми, уа кәәшифәл-ғамми, уа мужсибә дәъуәтил-мудтарриин! Рахмәғнәд-дүниәә уал-аахира, уа рахимәһумәә, әнтә тәрхамуни, фархамни бирахматин туғинии биһәә ған рахматин мән сиуәәк».

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ كَانَ إِذَا أَرَى إِلَى فِرَاشِهِ قَالَ: «اللَّهُمَّ رَبَّ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ، وَرَبَّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ، رَبَّنَا وَرَبَّ كُلِّ شَيْءٍ، فَالِقَ الْحَبِّ وَالنَّوَى، وَمُنزِلَ التَّوْرَةِ وَالْإِنْجِيلِ وَالْفُرْقَانِ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ كُلِّ شَيْءٍ أَنْتَ آخِذٌ بِنَاصِيَتِهِ، اللَّهُمَّ أَنْتَ الْأَوَّلُ فَلَيْسَ كَلِمَتُكَ شَيْءٌ، وَأَنْتَ الْآخِرُ فَلَيْسَ بَعْدَكَ شَيْءٌ وَأَنْتَ الظَّاهِرُ فَلَيْسَ فَوْقَكَ شَيْءٌ وَأَنْتَ الْبَاطِنُ فَلَيْسَ دُونَكَ شَيْءٌ، افْضِ عَنَّا اللَّيْنَ وَأَغْنِنَا مِنَ الْفَقْرِ». رَوَاهُ مُسْلِمٌ.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (с.ғ.с.) төсегіне жатарда: «Иә, Аллаһ! Аспандардың Иесі! Жердің Иесі! Ұлы аршының Иесі! Раббымыз! Барлық нәрселердің Иесі! Дәнек пен өзекті жарушы! Тәуратты, Інжілді һәм Фұрқанды (Құранды) түсіруші! Өзің кекілінен суырып тартып алатын барлық жамандықтардан Өзіңмен сақтанамын! Иә, Аллаһ! Сен – Біріншісің, Сенен бұрын ештеңе болған емес! Сен – Соңғысың, Сенен кейін ештеңе жоқ! Сен – Жоғарысың, Сенен жоғары ештеңе жоқ! Сен – Төменсің (Жақынсың)

Сенен төмен, жақын ештеңе де жоқ! Бізді қарыздан арылтып, кедейліктен құтқар!» – дейтін болған. Мүслім риуаят еткен.

Оқылуы: «Аллаһумма раббәс-сәмәуәәтис-сәбъи уа раббәл-арди, уа раббәл-ъаришил-ъазыйм, раббәнә, уа раббә кулли шәйи, фәәлиқал-хабби уан-нәуә, уа мунизиләт-тәураати уал-инджили, уал-фурқан, әгузу бикә мин кулли шәйин әнтә әхизун бинаәсиәтиһи, Аллаһумма әнтәл-әууәлу фәләйсә қабләкә шәйи, уа әнтәл-аахиру фәләйсә бәъдәкә шәйи, уа әнтәз-зааһиру фәләйсә фауқакә шәйи, уа әнтәл-баатину фәләйсә дуунәкә шәйи, иқди ʿәннәд-дәйнә уа әгнинәә минәл-фақр».

تَمَّ بِحَمْدِ اللَّهِ تَعَالَى

Аллаһ Тағалаға мадақ айтып тәмәмдаймыз.

صَلَّى اللَّهُ تَعَالَى عَلَيَّ نَبِيِّنَا مُحَمَّدٍ وَعَلَى آلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ

Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз, асыл мырзамыз Мұхаммедке, оның әулеті мен сахабаларына салауаты мен сәлемін жолдағай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

Құран Кәрім.

Әл-Муамаләт әл-малия әл-муасира, Уаьба әз-Зухәйли.

Әл-Фиқһ әл-Ислами уа Әдилләтуһу, Уаьба әз-Зухәйли.

Нәйлүл-Аутар, Мухаммад әш-Шаукани.

Сахиул Муслим Ән-Нәуәүидің түсіндірмесімен.

Субулус-Сәләм, Мухаммад ас-Саиғани.

Сүнән, Әбу Дәуіт.

Сүнән, Ибн Мәжә.

Тәфсир Айатул-ахкам, Мухаммад Әли ас-Саис.

Тәфсир, Ибн Кәсир.

Фатхул-Бәри әлә Сахирил-Бухари әл-Асқалани.

Фиқһус-сунна, Әс-Сәйид ас-Сабиқ.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Қарыз туралы жалпы түсінік	
Қарыз сөзінің мағынасы.....	4
Қарыз берудің үкімі.....	4
Қарыздың дұрыс болу шарттары.....	6
Қарыздың мерзімін белгілеу.....	8
Өсімкорлықтың үкімі.....	9
Қарыз туралы аяттар.....	14
Аллаһ Тағала кешілдікке жеткілікті.....	16
Қарыз — аманат.....	18
Қарызды қайтармаудың қасіреті.....	19
Қарызға батқандарға көмектесу.....	20
Қарызды қайтармау кешірілмес күнә.....	21
Қарыз қайтарылғанша жаназа оқылмайды.....	23
Ең үлкен қарыз.....	25
Ең пайдалы қарыз.....	27
Қарыз қыспағынан құтылу жолдары.....	29
Дұғалар.....	29

Ақпараттық агенттік «Ақпарат»
МҰСЫЛМАН
ДІНИ, ҒЫЛЫМИ, МОДЕЛІНІ-АҒАРТУ ЖУРНАЛЫ

Индекс 75540

1 жылға - 2040 теңге

6 айға - 1020 теңге

Алматы, 050004

Есенов көшесі, 36 үй.

(Орталық мешіттің жаны)

Тел./факс: 230 36 05;

230 36 70,

317 84 91.

Ұялы тел.: 8 701 741 76 25;

8 700 404 58 43;

8 705 244 10 50.

Имандылықты уағыздайтын "Мұсылман"
журналы әр отбасының рухани
серігіне айналсын!

Біздің журналға Қазақстанның кез келген
бөлімшелерінде жазылуға болады.

Аллаһ разылығы үшін **"Мұсылман"** журналына және **"Мұсылман"** баспа үйіне демеушілік танытамын дейтін жеке келеген азаматтар немесе мекемелер мен ұйымдар болса, біздің реквизитіміз:

"Мұсылман" баспа үйі.

Есепшоты: 944467221

РНН: 600800504667

БИК: 190501306

"Банк Тұран Әлем" ААҚ

Алматы филиалы